zangazet@mail.ru

№45 (3370) 8 маусым 2021

ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӘЛ ҮСТІНДЕ

Үкімет басшысы негізгі азық-түлік тауарлары бойынша қауіпсіздік деңгейі қамтамасыз етілді дегенмен, сауда орындарында бағаның тұрақсыздығы карантин жағдайында табысы азайған қарапайым тұтынушының көңілін тыныштандыра алмауда. Біздің елдің азық-түлік қауіпсіздігін қалай бағалайсыз деген сауалымызға ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ақылбек Күрішбаев: «Егіншілік саласында шешімін таппай жүрген мәселелер әлі де көп. Мәселен, еліміздегі басты дақылымыз – жаздық бидайдың орташа түсімі шамамен 1 гектардан 12 центнер болса, бізге ұқсас климаттық жағдайдағы Канада 27 центнер өнім алады. Соңғы 15 жылда Қазақстанда астық өнімділігі орта есеппен 15%-ға өссе, біздің басты сауда бәсекелестеріміз – Ресей, Канада және Австралияда 30-40%-ға өскен.

(Соңы 3-бетте)

ТАҒАЙЫНДАУ

Денис Шипп – Жоғары сот кеңесінің төрағасы

Бұған дейін Жоғары сот кеңесінің төрағасы болған Талғат Донаков қызметінен босатылды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Денис Шиппті Жоғары сот кеңесінің басшысы етіп тағайындады.

Денис Шипп 1968 жылы 27 ақпанда Петропавл қаласында дүниеге келген. Омбы мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша және академик Королев атындағы Самара мемлекеттік аэроғарыш университетін тәмамдаған. Еңбек жолын ағылшын тілінің аудармашылығынан бастаған. Кейіннен Петропавл қалалық сотының және Алматы мамандандырылған қаржы сотының судьясы болған. 2011 жылдан 2015 жылға дейін Алматы мамандандырылған қаржы сотының төрағасы қызметін атқарған. Жаңа лауазымға тағайындалғанға дейін Денис Алексейұлы Жоғарғы Соттың судьясы болған.

Жоғары сот кеңесі – Қазақстан Республикасы Президентінің соттарды қалыптастыру жөніндегі конституциялық өкілеттіктерін, судьялардың тәуелсіздігі мен оларға ешкімнің тиіспеу кепілдіктерін қамтамасыз ету мақсатында құрылған автономиялы мемлекеттік мекеме. Осындай жауапты құрылымға жетекші болып тағайындалған Денис Шипптің жұмысына табыс тілейміз!

СҰХБАТ

Айжан ЖАТҚАНБАЕВА, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.д., профессор:

КЕДЕНШІЛЕРДІ ОҚЫТУ ӘЛЕМДІК СТАНДАРТТҚА СӘЙКЕС ЖҮРГІЗІЛЕДІ

– Айжан Ержанқызы, бүгінгі білім саласының ахуалы қандай?

– Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің пандемияға байланысты онлайн форматта өткен үшінші отырысында ҚР Президенті Қ.Тоқаев ғылымды, адам капиталын дамыту, білім беру, денсаулық сақтау мәселелеріне кеңінен тоқталды. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы білім беруді және ғылымды дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы бойынша жүзеге асырылатын реформаларды қайта зерделеу қажеттігіне назар аударып, осы мерзімге дейін білім саласына бөлінетін қаражат алты есе, ғылымға бөлінетін қаржы жеті есе өсетінін баса айтып өткен болатын.

(Соңы 5-бетте)

АҚ ПЕН ҚАРА

АҚТАУ ҮКІМІН ШЫҒАРУ ЕРЛІКПЕН ПАРА-ПАР

ЖАҚЫНДА ПАРИЖ СОТЫ ФРАНЦИЯНЫҢ БҰРЫНҒЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ ЭДУАР БАЛЛАДЮРДІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ДӘЛЕЛДІҢ ЖОҚТЫҒЫНАН АҚТАП ШЫҚТЫ. ЖЫЛ БАСЫНДА МӘСКЕУДЕГІ ПРЕСНЕНСКИЙ СОТЫ КРАСНОДАР ІІМ ПОЛКОВНИГІ, ОҢТҮСТІК ФЕДЕРАЛДЫ ОКРУГ БОЙЫНША КӨЛІК ПОЛИЦИЯСЫ БАСТЫҒЫНЫҢ БҰРЫНҒЫ ОРЫНБАСАРЫ АДАМ ЯХУТЛЬГЕ 1,5 МИЛЛИОН ДОЛЛАР ПАРА АЛҒАНЫ ЖӨНІНДЕ ТАҒЫЛҒАН АЙЫПТЫҢ КҮШІН ЖОЙДЫ.

Пара алғаны үшін айыпталып, темір торға тоғытылған шенеуніктер өзімізде де көп. Тергеу кезінде көпшілігі өздеріне тағылған айыпқа келіспей, ақ екенін дәлелдеуге тырысып жатады. Енді бірі, тергеу ісінің әділ жүрмегенінен жүрек талмасына ұшырап, денсаулығы сыр береді. Бірақ қылмыстың өтеуі жаза. Оның үстіне алғашқы айғақ айыптауға толық негіз бола алады. Үкім кесілген соң апелляциялық шағымнан үміт күтудің өзі шөп ішінен ине іздеумен бірдей.

Дегенмен, соңғы жылдары жемқорлыққа қатысты айыпталғандар арасында ақталып шығушылар көбейді. Биылдың өзінде бұрынғы Энергетика вице-министрі Анатолий Шкарупаға қатысты бюджеттік қаражатты аса ірі көлемде жұмсады және жымқырды деп айыпталған қылмыстық іс соңына жетті. Қарағанды қаласының Қазыбек би аудандық сотының судьясы оны кінәсіз деп тауып, оңалту құқығын мойындады. Ақтөбеде де айып тағылып, кейін ақталып шыққан аудан әкімінің орынбасары құқығын аяқасты еткен құзырлы орындардан 1,5 млн теңге өтемақы өндіріп алды.

Былтыр Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «Заң үстемдігі орнықпаса және азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік берілмесе, әлеуметтік-экономикалық дамудың бірде-бір міндеті табысты жүзеге асырылмайды», – деген еді. Сонымен қатар, халық үніне құлақ асатын мемлекет – әділетті мемлекеттің жарқын үлгісі екенін жеткізіп: «Азаматтардың құқықтары мен бостандықтары көрсеткіштер үшін зардап шекпеуі керек. Адам тағдыры қылмыстық істердегі қателіктерге байланысты екенін есте ұстаған жөн», – деп қадап айтқан болатын.

(Соңы 2-бетте)

ХАЛЫҚТЫ САПАЛЫ АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ҚАШАН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕМІЗ?

ОЙТАЛҚЫ

Халықты сапалы және арзан отандық азық-түлікпен қамтамасыз етудің маңызы коронавирус індетіне байланысты бүкіл әлемді шарпыған карантин кезінде айқын аңғарылды. Ұланғайыр территориясы бола тұрып, өзге тұрмақ өз халқын әлі күнге дейін күнделікті қажетті азық-түлікпен толық қамтамасыз ете алмай келе жатқан республиканың әлеуеті, оны жүзеге асырудағы жетістігі мен олқылығы туралы сарапшылар пікірі қандай?

Ғани ҚАЛИЕВ, ***Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының президенті, ҚР ҰҒА академигі:***

– Қазір еліміз сырттан 52 500 тонна мал етін, 35 400 тонна құс етін, 11400 тонна балық, 2800 тонна консерві және 115 мың тонна сүт сатып алады. Үкімет басшысы негізгі тауар түрлері бойынша азық-түлікпен қамтамасыз етілгенін айтып жүр. Алайда, оны есептеуде әлі түйткілді жайттар жеткілікті. Мәселен, өмір сүрудің төменгі шекті нормасы деген бар. Оның ішіне тамақ, киім-кешек деген сияқты өмір сүруге қажетті бүкіл шығындар кіреді. Сол шекті мөлшерді Үкімет 2001 жылы өзгертті. Бұрын бір адамның жылдық тұтыну нормасы етте 90 кг болса, 2001 жылғы нормада оны 41 кг дейін азайтты. Егер тамақ бүкіл шығынның үштен бірін құрауы тиіс болса, енді 60 пайыз боп тұр.

Асия СЕРІКБАЕВА, ***ҚазҰАЗУ азық-түлік өнімдері технологиясы және қауіпсіздігі кафедрасының профессоры, биология ғылымдарының докторы:***

– Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету кез келген мемлекет үшін ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесіндегі күрделі жаһандық мәселе болып табылады. Азық-түлікпен қамтамасыз ету қауіпсіздігі ұғымының қалыптасуы 1972–1973 жж. Астық дағдарысынан кейін енгізілген болатын. Алғашында азық-түлік қауіпсіздігі әлемнің барлық елдері үшін негізгі азық-түліктің қолжетімділігі жағдайында нарықтағы тұрақтылықты сақтау ретінде қарастырылды. «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заңы бойынша: азық-түлік тауарларына нақты қолжетімділік; азық-түлік тауарларына экономикалық қолжетімділік; тағамдық өнім қауіпсіздігінің кепілдігі азық-түлік қауіпсіздігінің өлшемдері болып табылады.

(Соңы 3-бетте)

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

ҚҰЖАТ
АТА ЗАҢҒА САЙ

Конституциялық Кеңес ел Президенті Қ.Тоқаевтың «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының республика Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы өтініші бойынша шешім қабылдады.

Конституциялық Кеңес аталған заңды Конституцияға сәйкес деп таба отырып, оның жекелеген ережелерінің дәлме-дәл тұжырымдалмағанына және сабақтас нормалармен үйлеспейтініне назар аударды. Ондай мәтін заң нормаларын оң түсінбеуге алып келіп, соның себебінен теріс қолдануға жағдай жасауы мүмкін. Мәселен, заң консультантының құпиясын сақтау міндетінен алып тастауларды заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде белгілеуге жол берілмейді деп танылды. Кеңестің пікірінше, заң консультанттарының кәсіптік құпияны сақтау міндеті олардың клиенттерінің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясына қатысты конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған, сол себепті одан алып тастау бойынша тетік тек заңдармен реттелуі тиіс.

Шешімде адвокатты лицензиядан айыру және оның адвокаттар алқасындағы мүшелігін тоқтату рәсімін, оның ішінде аттестаттау қорытындылары бойынша, бұл әрекеттердің нақты процедурасын анықтау мүмкін еместігі атап өтілді. Кеңес адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлеріне қатысты түзетулердің үйлеспейтінін анықтады. Бейінді заңда олардың тізбесінен құқықтық мәселелер бойынша анықтамалар беру алып тасталған. Дей тұрғанмен, Қылмыстық-атқару кодексінде сотталғандардың осындай анықтамалар алу құқығы сақталған.

Кеңес құрамы заң консультанттары палаталарының ерікті мүшелігіне негізделген коммерциялық емес ұйым ретінде Республикалық заң консультанттары алқасын құруды көздейтін заңның ережелерін сыни тұрғыдан бағалады. Конституциялық Кеңес заңда палаталар жарналарының төменгі шегін бекіту және басқа шараларды іске асыру, егер олар заң консультанттарының бүкіл қоғамдастығына қатысты болса, олар көрсететін заң көмегінің сапасын арттыруға ықпал етсе және қызметтің бір саласы өкілдерінің арасында теңдікті бұзу үшін жағдай жасамаса, орынды болуы мүмкін деп есептейді.

Бұдан басқа, заңда заң көмегін көрсету мәселелерін құқықтық реттеу деңгейлеріне қатысты ішкі қайшылықтар анықталды. Егер кейбір нормаларда бұл мәселелер тек заңдармен регламенттелуі мүмкін деп көрсетілсе, ал басқа нормаларда заңдық күші төмен өзге де нормативтік құқықтық актілермен реттеуге жол берілген. Осы жағдайларды ескере отырып, Конституциялық Кеңес құқықтық коллизияларды жою мақсатында заң шығарушының назарын ағымдағы заңшығармашылық қызметі аясында қосымша шаралар қабылдау қажеттігіне аударды.

Конституциялық Кеңес атап көрсеткендей, білікті заң көмегін алу құқығы әрбір адамның өзі заңдық маңызы бар әрекеттер жасаған кезде жоғары білікті заңгерлердің кәсіби көмегін пайдалану мүмкіндігін көздейді. Осы құқық негізгі заңда бекітілген сот арқылы қорғалу құқығын және сот төрелігі қағидаттарын іске асырумен тығыз байланысты. Осыған орай, мемлекет жеке адамның аталған құқығына кепілдік беру үшін де, білікті заң көмегін көрсететін тұлғалар қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін де тиісті жағдайлар жасау мақсатында қажетті нормативтік құқықтық, ұйымдастырушылық және өзге сипаттағы шараларды қабылдауы тиіс.

Конституциялық Кеңес қаулысының толық мәтіні басылымдарда және Кеңестің сайтында жарияланады.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің баспасөз қызметі

АҚ ПЕН ҚАРА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бірақ үш сатылы әділет жүйесі әділдік үшін күресіп жүргендердің үмітін жаға қойған жоқ. Өйткені, ақтау үкімін шығаруға кейбір судьялардың ар-ұяты жетпесе, кейде жалтақтықтың кесірінен жаланың жетегінде кетуге мәжбүр.

Бірнеше жыл қазылық қылған, қазір адвокаттық қызмет ететін Ләззат Ахатова осылай деп отыр. Айтуынша, көрсеткішке жұмыс жасайтын біздің елде ақтау үкімінің аздығына таңқалуға болмайды. Біздегі тергеуші, прокурор мен судья – бір отбасы мүшелері. Олар ортақ жұмыс істейді. Ақтау үкімі полиция мен прокуратурадағы ескірген есеп беру жүйесіне кері әсер етеді. Себебі, ақтау үкімі шығатын болса, сол іске қатысқан бүкіл қызметкер жауапкершілікке тартылуы тиіс. Тергеу жүраяғы ауыр әйелдер, бұрын сотты болмағаны ескерілетін санаттар бар. Әр жаза әртүрлі тағайындалады. Сондықтан ақтау үкімі аз не көп деп тұжырым жасауға болмайды», – дейді ресми өкіл.

Бұдан бөлек, ақтау дерегінің аз болуын соттар тергеушілер мен анықтаушылар сотқа дейінгі тергеу сатысында көптеген істерді тоқтататындығымен түсіндіреді. Яғни, көп жағдайда іс сотқа жетпейді. Мәселен, Эстонияда ақтау үкімдері 10 пайызға жетеді. Бірақ, бұл сан жалпы және қысқартылған тәртіпте қаралатын істерден, ал бізде ақталғандардың пайызы үкім шығарылған адамдардың жалпы санынан есептеледі.

Сондай-ақ, біздегі ақтау үкімін мұхиттың арғы бетіндегі елдермен емес, көрші елдердің көрсеткіштерімен салыстырудың өзі ерте. Ресейде бір жылдың өзінде аудандық соттарСөйтіп тергеу, прокуратура жасаған іс жүргізу сатысында құқықбұзушылықтардың болуына қарамастан айыптау ұстанымымен бірауыздан келісіп, айыптау үкімі өзгеріссіз қалады.

Отставкадағы судья Марат Азбанбаев Президент пен Төраға айтты деп, мәселе шешіледі дегенге сенбейді. «Кеңестік менталитеттен арыла алмай жүрміз. Қылмыстық іс қозғалса, міндетті түрде сотқа жеткізу, жазалау саясаты санада бұзылмас дәстүр болып сіңіп кеткен. Ақтау үкімін шығару үшін заңда көзделген негіздер санатын кеңейту қажет. Іс жүргізу тәртібі тергеу кезінде бұзылған жайда, жауапқа тартылған адам міндетті түрде ақталуға жатады. Ақтау үкімінің саны азаматтық, ашық қоғам құруға ұмтылғанда ғана көбейеді. Ашық қоғамда халықтық бақылау күшейеді де, тергеу мен сот заңды сақтауға мәжбүр болады. Ақтау үкімін адал адам шығарады.

АҚТАУ ҮКІМІН ШЫҒАРУ
ЕРЛІКПЕН ПАРА-ПАР

гізіп, іс қозғағандар бастары кететіндерін біледі. Сол үшін соттарға түрлі тәсілдермен қысым көрсете бастайды. Сондықтан судьялар құқық қорғау органдарымен жанжалдасқысы келмейді. Соның салдарынан тергеу барысында кететін кәсіби кемшіліктер сот үкімінде де жалғасады. Қазіргі Жоғарғы Сот төрағасының өзі Бас прокуратураны басқарып отырғанда «Сотты тергеушілердің эмоциясынан, айыптаушының екпінінен қорғауымыз керек» деген еді. Екіншіден, «тергеушілер мен прокурорлар ешқашан қателеспейді» деген қасаң түсінік қалыптасқан. Яғни, іс сотқа кетті деген – түрмеге тоғытылу деген сөз. Мәселен, азғындық жасады деп айыпталған адамға қатысты тергеу ісі жүріп жатқанда, әлеуметтік желілерде адамдар сырттай күдіктіге қатысты берілген құзырлы орындардың деректеріне толық сенім артады. Осындай кедергілерге қарамастан ақтау үкімін шығару – судьялар үшін ерлік жасаумен пара-пар. Өйткені, түрлі органдардың қысымы мен тараптардың агрессивті ұстанымына қарамастан, ерікті шешім қабылдау қазы бойындағы қабілеттің көрсеткіші.

Соңғы үш жылдағы Жоғарғы Сот көрсеткен мәліметтерге сүйенсек, ақтау үкімі көбейген. Мысалы, 2018 жылы 270 ақтау үкімі шықса, оның ішінде онша ауыр емес – 25, ауырлығы орташа – 78, ауыр – 146, аса ауыр – 21 іс бойынша ақтау үкімі күшіне енген. Ал 2019 жылы 318 ақтау үкімі тіркелген. Былтыр 329 іс ақтау үкімімен аяқталған. Оның ішінде онша ауыр емес – 140, ауырлығы орташа – 84, ауыр – 100, аса ауыр – 5 іске соңғы шешім ақтаумен аяқталған.

Жоғарғы Соттың ресми өкілі Айдос Сәдуақасовтың айтуынша, елдегі ақтау үкімі шыққан істер бұдан да көп. Бұл статистика мемлекет тарапынан айыпталған істердің деректері, жеке айыптаулар бойынша статистика онда қосылмаған. «Соңғы үш жылда сотқа дейінгі татуласу рәсімі қарқын алды. Кәсіби және кәсіби емес медиаторлар, ақсақалдар алқасы, билер кеңесі, соттың ішінде де бітістірушілер жұмыс жасайды. Сотқа келіп түскен іс бойынша бітістірушілер тараптарға татуласудың жолын, артықшылығын түсіндіреді. Қысқарып жатқан істер көп. Қылмыстық істерде ауырлығы орташа және жеңіл істер бойынша татуласуға болады. Ауыр және аса ауыр істерде кейбір санаттар бойынша татуласу жоқ. Судьяның алдында әрбір іс жеке-дара қаралады. Әрбір істе қылмысты ауырлататын немесе жеңілдететін мән-жайлар болады. Үкім шығарарда қылмыстың қасақана немесе абайсызда істелуі, масаң күйде, топтасып жасалуы, бұрын сотты болуы, лауазымдық қызметті асыра пайдалануы негізге алынады. Ал адамның шын жүректен өкінуі, тергеуге атсалысуы, кәмелет жасына толмаған балаларының болуы, егде жастағы азамат, дағы алқабилер айыпталушылардың 70%-ын ақтап алған. Европа мен АҚШ елдерінде сотталушылардың 50%-ы әділдікке қол жеткізеді екен. Ал Жапонияда ақтау саны бір пайызға жетпейді. Ақтау статистикасы Францияда – 4%, Финляндияда – 2%, Португалияда – 0,7%, Бельгияда – 0,5%, Чехия – 0,4%, Венгрияда – 0,3%-ды құрайды.

Әлемдегі ақталу көрсеткішін салыстырар алдында әр елдің өз заңы мен сот жүйесі барын ұмытпаған жөн. Бізде іс алдымен тергеушілер мен прокурорлардың алдынан өтеді. Содан кейін барып сотқа жетеді. Судьяның алдына келмей жатып алдыңғы сатыларда қылмысқа баға беріліп, үкімі шығарылып қоятын біздің елдің қылмысты бағалау бойынша екі деңгейлі жұмыс жүйесі бар. Оны АҚШ-пен салыстыру қате. Оларда біздегідей сотқа дейінгі екі ай жүргізілетін тергеп-тексеру жоқ. Қылмыс жасаған адамды ұстаған бойда бірден сотқа жеткізеді. Бізде ұзақ уақытқа созылатын тергеп-тексеру – ақтау үкімінің аздығының басты себебі. Қудалау органы тексеріс жүргізіп, прокуратура айып тағып, судья үкім кескен соң айыпталушының ақталып шығуы қиын. Кейде тіпті жылдарға созылатын апелляциялық шағымнан қайран жоқ. Оның үстіне біздің алқабилерге ақтау үкімін шығару өте қиын. Өйткені, судья алқабилермен бірге кеңесу бөлмесіне ақылдасуға кетеді және сол жерде оларға қысым жасалатыны көбірек айтылып жүр. Екінші жағынан, судья ақтау үкімін шығарса, екінші тарап оны сыбайлас жемқорлықпен байланыстырады.

Қылмыстық процесте прокуратура, тергеу және анықтау органдары ескі тәсілмен жұмыс жасайды. Қайта қарауға жіберілген істер шикі дәлелмен сотқа қайта жіберіледі. Адал қызмет қағидасынсыз ақтау үкімі алға баспайды. Корпоративтік бірлестіктің көзі құру керек. Үш саты ма, бес саты ма, сот сатылмасын. Заңсыз пайда табу көзі болған жерде, сот қолбала болады. Көлеңкелі экономика – коррупцияның ата-анасы. Парақор сот – корупцияның туған баласы. Олай болмасын десек, әрбір істі қадағалауға алып, заң бұзылды ма, қызметтен қуу керек», – дейді Марат Ақторғайұлы.

Аяз би алдына әділдік іздеп келгендерге үкім айтарда жыртық тоны мен жаман тымағын хан сарайы босағасына ілдіріп қояды екен. Қазылықтың буына көңілі тасып, асып бара жатқанда, жағдайы жоқ кездегі жыртық шапанын есіне түсірген би тәубасына келетін болса керек.

> **Алайда қазір қара халықтың ішінен шыққанын тез ұмытып, тәубеге келуге асығатындар аз. Ащы шындық сол, ақталудан үмітті айыпталушы мен әділдік үшін жүрген адвокаттың өтініші көп жағдайда кері қайтады. Әділетсіздіктің соңы ашумен, арты өліммен аяқталып жатқан оқиғалар көп. Соңғы үкімнен үміт күтіп келген айыпталушының ағайындары шарасыздықтан өз-өздерін өртеп, әділдікке қол жеткізу үшін арғы дүниеге аттанып кетіп жатыр. Жалған жаланың құрбаны болған қаншама адамға ақтау үкімін есту әзірге арман болып тұр.**

Жадыра МҮСІЛІМ

СЕМИНАР

АШЫҚ ҚОҒАМДА ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ОРЫН ЖОҚ

Байзақ аудандық сотының судьясы Е.Аккулиев сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сот жүйесінде жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша семинар өткізді. Шараға кеңсе меңгерушісі Е.Жақсыбаев, соттағы мемлекеттік қызметкерлер қатысты.

Судья Е.Аккулиев сот жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің басты жолы – ашықтық пен жариялылық екенін атап өтті. «Сыбайлас жемқорлық біздің мемлекетіміз бен демократиямызға нұқсан келтіреді. Сондықтан, кез келген сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте қоғамдағы төзімділікті қалыптастыру үшін алдағы уақытта жүйелі жағдайлар жасалу керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте барлық мемлекеттік қызметшілердің қатысуы қажеттігін, әрбір мемлекеттік қызметші тек өз іс-әрекеті үшін жауапты емес, сондай-ақ тұтастай ұжымның жұмысы үшін де жауапты. Сонымен қатар, мемлекет жұмыс жасауға лайықты еңбек жағдайларын жасағанда, мемлекеттік қызметкерлерден заңнаманы қатаң сақтауды талап етуге құқылы» – деп судья айтып өтті.

Іс-шара барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың механизмін жүзеге асыру, мемлекеттік қызмет жүйесінде сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтардың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттау мәселелері талқыланды.

Байзақ аудандық сотының баспасөз қызметі
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӘЛ ҮСТІНДЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Дәл осындай деректерді майлы дақылдар, көкөніс және жем-шөп бойынша да келтіруге болады. Мұның себебі неде? Өнімділіктің негізгі факторы тұқым материалының сапасы болып табылады, оған өнімнің 30-40% байланысты. Бірақ қазіргі таңда осы негізгі сала – селекция мен тұқым шаруашылығы біздің мемлекеттік органдардың назарынан тыс қалғанын ашық айту керек. Бүгінде біз сорттар мен гибридтердің шамамен 70%-ын, тіпті, бірқатар дақылдардың 100%-ын шетелден алатындай мүшкіл халге жеттік. Сырттан әкелінген сорттардың көпшілігі біздің топырақ-климаттық жағдайымызға бейімделмеген. Жетекші аграрлық елдердің ешқайсысында мұндай жүйелік қателік жіберілмейді», – деді.

Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаровты жеке қабылдады. Себебі, оның есебін тыңдамағалы да талай уақыт болыпты. Бұған қарап кейбір жұрт өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқарып, берген тапсырмаларын уақытылы орындап жүрген соң Мемлекет басшысы да арнайы қабылдап, есебін тыңдағанды жөн көрмеген шығар деуі күмәнсіз. Алайда жайылым, су, мал азығын даярлауға қатысты соңғы кезде республиканың түкпір-түкпірінде орын алып жатқан дау-дамайларды еске алсақ, бұл ойдың негізсіз екенін аңғару қиын емес. Мысалы, Президент 25 наурызда Премьер-Министрді қабылдаған кезде Үкімет пен облыс әкімдеріне азық-түлік бағасының одан әрі өсуіне жол бермеу үшін бақылауды күшейтуді тапсырды. Бұл әңгіме бұған дейін, бұдан кейін де әлі сан мәрте айтылары күмәнсіз. Өйткені, оның нәтижесі қарапайым халықтың көңілінен шыққан кезін ешкім көрген жоқ.

Ал БҰҰ Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының (FAO) бас директоры Ку Дунгю бүгінгі таңда Еуропа мен Орталық Азия аймағы экономикалық және ауылшаруашылық қуаттың генераторы. Бірақ бұл әлеуетті ашу үшін үлкен инвестиция мен инновация қажет деп отырған кезде 2014–2016 жылдары Ауыл шаруашылығы вице-министрі, 2016–2019 жылдары Мәжілістің Аграрлық мәселелер бойынша комитетінің төрағасы, ал 2019 жылдан Ауыл шаруашылығы министрі қызметін атқарып келе жатқан Сапархан Кесікбайұлының әлемдегі және елдегі жағдайдан хабарсыз болуы мүмкін емес. 2002–2005, 2007–2008 жылдары Ауыл шаруашылығы вице-министрі, 2008–2011 жылдары министр болған Ақылбек Қажығұлұлының айтуынша, біздің фермерлеріміз тұқымның бір бөлігін Ресейден, Еуропадан сатып алуға, тіпті, оларды мұхиттың арғы жағынан әкелуге мәжбүр болуда. Әрине, бұл өнімнің өзіндік құнына қатты әсер етеді. Осылайша, біз азық-түлік қауіпсіздігінің базалық көрсеткіші болып табылатын отандық селекцияның сұрыптарымен қамтамасыз ету бойынша тәуелсіздігімізді жоғалтып алдық. Бұл кез келген санкция, табиғи апат немесе қандай да бір төтенше жағдайлар болса, ауыл шаруашылығымыз жоғары сапалы тұқымсыз қалатынын білдіреді. Қазақстанның егін шаруашылығы алқаптарының 93%-ы тәуекелді аймақта орналасқан. Дегенмен, құрғақшылық кезінде фермерлеріміздің жоғары өнім ала алмауы немесе банкротқа ұшырауы тек ауа райының салдарынан ғана емес. Оның бірден-бір себебі – елімізде құрғақшылыққа төзімді сорттардың жоқтығы. Біздің климатқа бейімделген ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттары мен гибридтерінің болмауына байланысты егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыру тежелуде. Сол себепті солтүстікте жоғары протеинді және шырынды мал азығын өндіруді қамтамасыз ете алмай отырмыз, ондай мал азығы болмаса, мал шаруашылығы дамымайды. Ал оңтүстік облыстарда сапалы сорттар мен гибридтердің болмауынан көкөністің өнімділігі мен сақтау мерзімі өте аз, сондықтан маусымаралық кезеңде жетіспеушілік қатты байқалады. Элиталық тұқым материалының қолжетімсіздігі мен қымбаттығына байланысты, біздің фермерлер көбінесе стандартты емес тұқымдарды (яғни,тауарлық астықты) себетіні құпия емес. Бүгінде элита тұқымды өндіріс аймағы ғалымдар ұсынғаннан 3 есе аз. Бірақ бұған қарамастан, мемлекеттік субсидиялардың едәуір бөлігі импортталған тұқымдардың құнын арзандатуға жұмсалуда. Басқаша айтқанда, отандық ғалымдарды қолдауды күшейтудің орнына, біздің бюджет қаражатымыз шетелдік селекциялық орталықтарды қаржыландыруға жұмсалуда.

ҚР АШМ «Агроөнеркәсіп кешеніндегі мелекеттік инспекция комитеті» мемлекеттік мекемесінің Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясының бас маманы Бекжан Атақұловтың сөзіне қарағанда, 2020 жылы 68 алыс және жақын шетелден келген карантиндік жүктердің 40 073,6515 тоннасын азық-түлік құрады. Республика аумағында тасымалдау кезінде карантинге жатқызылған азық-түлік 95 490,228 тонна болды. Мәселен, облысаралық тасымалдау кезінде Ақтөбе облысынан әкелінген 98 тонна мақсары (сафлор) өнімінен карантиндік зиянкес – қоңыр мраморлық кене анықталды. Сондықтан өнім алушыға сот арқылы 41 670 теңге айыппұл салынып, карантинге жатқызылған өнім тазартылды. Ал 2021 жылы Түркиядан әкелінген 15 025 кг қызанақтан қоңыр қатпарлы вирус анықталды. Залалданған өнімді кері қайтаруға нұсқама берілді, бірақ автокөліктің сынуына байланысты залалданған өнім Қазақстан аумағында арнайы орында жойылды. Сондай-ақ, 14 631 кг тәтті бұрыш өнімінен батыс гүл трипсі анықталып, сот шешімімен өнім иесіне 30 АЕК көлемінде (87510 теңге) айыппұл салынды. Зебра чиппен залалданған Нидерланды елінен автокөлікпен әкелінген 20 тонна тұқымдық картоп пен Франция елінен авиакөлікпен әкелінген 46,433 кг сәбіз тұқымына қатысты сот шешімдерінде де өнім иелеріне 30 АЕК көлемінде (87510 теңге) айыппұл салынды. Залалданған өнімдер тәркіленіп, арнайы орында тиісті мекемелердің қатысуымен жойылды.

Яғни, азық-түлік қауіпсіздігіне әзірге ешкім толық кепілдік бере алмайды. Бұл өндіріс жағынан да, карантиндік тексеру жағынан да айқын аңғарылып отыр. Сондықтан азық-түлік сатып алар кезде әр азамат ең алдымен өзінің білімі мен тәжірибесіне сенгені жөн. Әйтпесе, оның импорттық қаптамасы мен өзге де орамалары да сапалы екеніне кепілдік бола алмайды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

БАЗЫНА

АШЫНҒАН АНА ДӘРІГЕРЛЕРДІ АЙЫПТАЙДЫ

Ақтөбе қаласының тұрғыны Раушан Мұстафаева қызының мүгедек болып қалуына дәрігерлер кінәлі дейді. Айтуынша, сәби өмірге дені сау болып келген. Қазір балаға церебралды сал ауруы диагнозы қойылып, ем алуда. Екі жылдан бері әділдікке қол жетпеген ана дәрігерлердің жазаланғанын қалайды.



Амина Расбаева 2019 жылдың шілде айында дүниеге келген. Раушан Мұстафаева 15 жыл күткен екінші қызы перзентханадан шыққан соң, денесі сарғая бастаған. Ата-анасы дереу дабыл қағып, жергілікті педиатрды шақырады. Алайда дәрігер баладағы билирубин мөлшерін өлшеудің орнына ауызша ескертпелер берумен шектелген. Ақыры баланың жағдайы нашарлап, ауруханаға жатқызуға тура келген. Сол кезде жаңа туған нәресте қанындағы билирубин деңгейі нормадан бірнеше есе артып кеткені анықталған.

– Қалалық балалар ауруханасына түскен кезде билитест қызымда билирубиннің мөлшері 1130 болып кеткенін анықтады. Ахтанов атындағы №2 қалалық емхананың дәрігерлері дер кезінде медициналық көмек көрсетпеді. Өз істеріне немқұрайлылық танытты. Билирубиннің деңгейін уақытында өлшемеді. Соның салдарынан қызым қазір сөйлей де, жүре де алмайды,– дейді Раушан Мұстафаева.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, осы оқиғадан соң №2 қалалық емханасына қызметтік тексеру жүргізілген. Амбулатория меңгерушісіне сөгіс жариялап, учаскелік дәрігер жұмыстан шығарылыпты.

– Тексеру нәтижесінде учаскелік дәрігердің ұйымдастырушылық-тактикалық және терапиялық-диагностикалық ақаулар жібергені анықталды. Комиссия шағым ішінара негізді деген қорытындыға келді. Учаскелік дәрігер №2 қалалық емхананың бас дәрігерінің бұйрығымен өз еркімен жұмыстан босатылды,– деп хабарлады облыстық денсаулық сақтау басқармасынан.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы қоластындағы қызметкерлерінің жіберген кемшілігі үшін Раушан Мұстафаевадан кешірім сұраған. Тіпті мүгедек баланы оңалтып, сауықтыру үшін тегін медициналық көмек көрсететіндерін де айтады. Алайда кішкентай Аминаның отбасы сап-сау баланы жарымжан еткен дәрігерді жазалап, істі ақырына дейін жеткізуге бекініп отыр. Ал Ақтөбе облыстық полиция департаменті баспасөз қызметінің жетекшісі Ерболат Сарқұлов Қылмыстық кодекстің 317-бабының 2-тармағы бойынша (Медицина немесе фармацевтика қызметкерінің кәсіби міндеттерін дұрыс орындамауы) қылмыстық істің қайта қозғалғанын хабарлады.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

ТҮЙТКІЛ

ДӘУІР ПРОБЛЕМАСЫНА АЙНАЛҒАН ДӘРЕТХАНА «ЖЫРЫ»

Қоғамдық орында дәрет сындырған кез келген азаматқа әкімшілік жаза қарастырылған. Еліміздің басты қалаларының өзі қоғамдық әжетханамен қамтамасыз етілмегеніне қарамастан, бұл жаза осы уақытқа дейін талай рет тәртіп бұзушыларға қолданылып та келеді. Осыдан біршама уақыт бұрын нақ осы қоғамдық әжетханалардың жоқтығынан Алматы қаласындағы жер асты жолдары әжетханаға айналып, халық ол жерлермен жүре алмай қалғаны да есте. Яғни, мәселе бар.

Рас, биыл ғана Алматы қалалық туризм басқармасы Арбат, «Көктөбе» саябағы, Орталық стадион сынды қаланың маңызды нысандарының жанында 20 дәретхана орнатуды жоспарлап, оның жалпы құнын 178,5 млн теңгеге бағалап, мемлекеттік сатып алу сайтында байқау да жариялаған болатын. Құжаттамаға сәйкес, дәретханаларда жылытуға арналған қабырға электр конвекторы және суды жылытуға арналған қазандық, сондай-ақ вандалға төзімді дәретханалар, қол жуғыштар мен кептіргіштер, сабын диспенсері және тағы басқа жабдықтармен қамтылуы керек. Бұдан басқа, әрбір дәретхана модулінің кіреберіс есіктерінің үстінде ақпараттық көрсеткіш болуы керек. Ол дәретхана «бос» болса жасыл, ал «бос емес» болса қызыл түсті пиктограмманы көрсетеді. «Есіктер жабылғаннан кейін әр 15 минут сайын жүйе ескерту сигналын шығарады және кабинаның есіктерін автоматты түрде ашады», – делінген мемлекеттік сатып алу сайтында. Кейбіреулер әжетхана құнын қымбатсынғанымен, халыққа аса қажетті қызмет түрінің тезірек іске қосылуын және сапасы талапқа сай болуын тілеп отыр. Өйткені, осыдан біршама уақыт бұрын пайдалануға берілген Шығыс Қазақстан облысындағы әрқайсысы 6 млн теңгеге салынған әжетханалар бүгінде қаңырап бос тұр. Қымбат әжетханалар Катонқарағай ауданында салынған. Бірі – аудан орталығы Үлкен Нарын ауылында. Енді бірі – Берел қорғанының маңында. Әрқайсысы алты миллион теңгелік бес әжетхана сапасыз салынып, бүгінгі күні тұтқасыз, қыста жылусыз қалғандықтан, халықтың әжетіне жарамай тұр. Әжетхана мәселесі үлкен қалаларымызда ғана емес, қалалар арасын жалғап жатқан үлкен жолдарда да, туристер жиі ат басын бұратын өңірлерде де өзекті болып отыр.

Облыс орталығына айналып, ішкі туризммен қатар, сыртқы туризмге де қызмет етіп, түркі елдерінің астанасына айналуды мақсат етіп жатқан Түркістан қаласының өзінде де бүгінгі күні әжетхана мәселесі өзекті. Бұл туралы осы өңірдің тұрғыны режиссер Сая Қасымбек «Солтүстіктен құдалар кеп, Түркістанға зияратқа апардық. Қинағаны сол әжетхана мәселесі болды. Кесененің әжетханасын жөндеуге жауыпты. Маңайындағы қаптаған сауда үйлерінің бірде-бірінде әжетхана жоқ. Сатушылары қайтетінін? Қонақтардан қысылғанымыз-ай... Сәулетшілер адамның ең қарапайым қажеттілігін есепке алмағаны қалай?» – дейді қынжылып. Сәулетші демекші, мәселеге орай, пікірін білу үшін бірнеше архитектор мен қалалық мәслихат депутаттарына да телефон соғып көрдік. Барлығы пікір білдіруден үзілді-кесілді бас тартты.

Құрманғали Ашанұлы, кәсіпкер:

– Қоғамдық орындарда әжетхана іздеген халық не істерін білмей қалып жатады. Өйткені жеке дүкен, сауда орындары ішке кіргізбейді, кафе-ресторандар өз клиенттеріне ғана «көмектеседі». Қуыс іздесең, әкімшілік жаза дайын. Рас, қазір сауда ойын-сауық орталықтарында әжетхана тегін. Бірақ қала айналып соларды іздеп жүру тағы ыңғайсыз. Сондықтан еліміздегі әжетхана мәселесін шешетін кез жетті.

Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ

ОЙТАЛҚЫ

ХАЛЫҚТЫ САПАЛЫ АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ҚАШАН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕМІЗ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ғани ҚАЛИЕВ, ***Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының президенті, ҚР ҰҒА академигі:***

– Сонда біздегі өмір сүрудің шекті нормасы көршілерден 2-3 есе төмен. Бұл кедейлердің санын жасыру үшін жасалған шара болды. Яғни, көрсеткіштерді жасанды көрсету әлі жалғасуда.

Жалпы, бізде ауыл шаруашылығының өнімділігі өте төмен. Өнімдердің өзіндік құны өте жоғары. Жаңа техника мен технологияларды ауқымды түрде енгізе алмай отырмыз. Оның себебі, солтүстіктегі жер олигархтары астық егіп, одан кейін оны бұрынғы ескі техникаларымен орып алуымен ғана шектелуде. Өйткені, олар тек жерге қарап отырған жоқ. Кеңестік дәуірде 4-5 жылда оның тозуы 25 пайыз болатын. Қазір 2-ақ пайыз. Ал оңтүстікте шаруа қожалықтары ұсақ. Онда жаңа техника мен технологияны енгізу тиімсіз. Сондықтан олар кооперативтерге бірігу қажет дегенбіз. Бірікпей онда өнімділік те, тиімділік де өспейді.



Асия СЕРІКБАЕВА, ***ҚазҰАЗУ азық-түлік өнімдері технологиясы және қауіпсіздігі кафедрасының профессоры, биология ғылымдарының докторы:***

– Ал азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі бағыттары: ішкі аграрлық азық-түлік нарығын молықтыру үшін, оның ішінде отандық ауыл шаруашылығы өнімі мен оның тереңдете қайта өңделген өнімдерін өндірушілерді қолдау арқылы молықтыру үшін қажетті жағдайлар жасау; азық-түліктің ішкі ресурстарына қатысты азық-түлік қауіпсіздігі жай-күйінің мониторингі; азық-түлік тауарларына сұраныс пен ұсынысты болжау; тамақ өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; орталық атқарушы органдар мен жергілікті өкілді және атқарушы органдардың агроөнеркәсіптік кешен субъектілерімен өзара іс-қимылы болып табылады. Егер республикадағы азық-түлік тауарларының жылдық өндірісі физиологиялық тұтыну нормаларына сәйкес халықтың жылдық қажеттілігінің 80 %-нан төмен болса, онда Қазақстанның азық-түлік тауарларының түрлері бойынша тәуелсіздігі қамтамасыз етілмеген деп есептеледі. Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігі – халықты азық-түлік тәуелсіздігіне, азық-түліктің қолжетімділігіне, мемлекеттің, қоғамның және азаматтардың жеке мүдделерін қамтамасыз етуге қажетті және азаматтардың қалыпты өмір сүру деңгейіне кепілдік беретін экономикалық санат.

Сауалнаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

БІР МҮДДЕ

СЪЕЗД ТЫҢ СЕРПІН БЕРДІ

Өткен жылдың қазан айында Нұр-Сұлтан қаласында онлайн режимде ҚР Судьялар одағы республикалық қоғамдық бірлестігінің VIII съезі өтті. Судьялар қоғамдастығы съезден съезге дейін атқарылған жұмыстар туралы есеп беріп, алда іске асыратын мақсат-міндеттерді айқындады. Сот билігінің беделін арттыру жолындағы келелі мәселелер ортаға салынды.

Съезд қоғамның әділ сот төрелігіне сұранысын орындау және үмітін ақтау мақсатында ел Президентінің съезде белгілеген, заң үстемдігін қамтамасыз етуге, судьялардың тәуелсіздігін, қабылданған шешімдер үшін жауапкершілігін арттыруға, бизнес өкілдері мен халықтың соттарға деген сенімін нығайтуға бағытталған басым міндеттерін айқындады. Сонымен қатар, ҚР Жоғарғы Сотына, Президент Әкімшілігі жанындағы Құқық қорғау және сот жүйесін реформалау жөніндегі комиссияға, басқа да уәкілетті органдарға сот реформаларын әзірлеу және ұйымдастыру жөніндегі шешімдерді қабылдау кезінде ескеру үшін судьялар қауымдастығының пікірлерін ұсынды.

Судьялар мен сот қызметкерлері алдына жоғары моральдық адамгершілік стандарттарынан ауытқымау, судьялар мен сот жүйесіне деген іс жүзіндегі шынайы құрмет пен сенімді қалыптастыруда ынтымақтастық білдіру, кәсіби тәртіпті қатаң ұстану және білімін, дағдылары мен біліктіліктерін үнемі арттырып отыру міндеттері қойылды.

«ҚР Судьялар одағы» қоғамдық бірлестігінің Орталық кеңесі мен облыстық филалдарына судьялардың құқықтарын, абыройын, намысы мен мүдделерін қорғау, сот жүйесін жетілдіруге қатысу, судьялар қауымдастығын біріктіру, съезд шешімдерінің орындалуын қадағалау салаларындағы жұмыстарын күшейту тапсырылды.

Судьялар одағының Атырау облысы бойынша филиалы VIII съезде жүктелген тапсырмаларды орындау мақсатында 2021 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарын жасақтап, осы бағытта бірсыпыра шараларды жүзеге асыруда.Мысалы, ардагерлермен жұмыс бағытына жауапты болып белгіленген судьялар Ғ.Отарұлы, Н.Абдолов және И.Садбан сот ардагерлері және соғыс ардагерлерін ұлықтау шараларын жоғары дәрежеде ұйымдастырып келеді.

Сондай-ақ, жұмыс жоспары бойынша Атырау қаласының мамандандырылған тергеу сотының төрағасы Б.Дюсебалиева және судья С.Абугалиева жаңадан тағайындалған судьялар кәсіби бейімделу, моральдық, этикалық тәрбиені жетілдіру бағытында осы кісілермен жүйелі жұмыс істеп жүр.

Судьялар қауымдастығы мүшелерінің белсенділігін арттыру бағытында филиалдың бастамашылығы облыс соттары тарапынан кең қолдау тапқан. Осы бағытта филиалдың ұсыныстарына қолдау көрсетіп, белсенділік танытып келе жатқан Атырау қаласының №2 сотының төрағасы М.Нағашыбаевты, Жылыой аудандық сотының төрағасы Б.Жұмабаевты, Атырау облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы А.Ташенованы, Атырау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы З.Хамидуллинаны, Атырау қаласының мамандандырылған тергеу сотының төрағасы Б.Дюсебалиеваны, Атырау облысының мамандандырылған экономикалық сотының төрағасы Р.Жансыкбаевты, Исатай аудандық соты төрағасының міндетін атқарушы Д.Даумовты атап өтуге болады.

Атырау облыстық сотының баспасөз қызметімен бірлесе отырып, жергілікті телебағдарламалар арқылы халыққа құқықтық насихат жұмысын жүргізу жолға қойылған, республикалық және жергілікті ақпарат құралдарында мақалалар жарияланууда.

Жақында филиал төрағасы Ж.Жақсылық пен «Ең бақытты ел» қоғамдық қорының директоры К.Сүлейменованың арасында «Отбасылық сот» пилоттық жобасы шеңберінде меморандум жасалды. Аталған филиалдың белсенділігінің арқасында атқарылып жатқан іс-шаралар сот билігінің беделін, халықтың және бизнес өкілдерінің сотқа деген сенімін арттыруға бағытталған.

Гульжиян МУТИЕВА,
Атырау қаласының №2 сотының судьясы,
ҚР Судьялар одағының Атырау облысы бойынша филиалының хатшысы

БІЛГЕН ЖӨН

МҰРА ҚАЛАЙ РӘСІМДЕЛЕДІ?

Негина КЛЫШПАЕВА,
Түркістан облысының Әділет департаменті басшысының орынбасары

Мұрагерлік құқығының жалпы ережелерін білу бәрімізге керек, өйткені қайтыс болған адамның мүлкі мен мүліктік құқықтарының мұрагерге ауысуы арқылы кез келген адам мұрагер болуы мүмкін. Алайда мұрагерлікке байланысты барлық мүмкін болатын жағдайларды алдын ала болжай алмайсың. Сондықтан да мұраға алу бойынша қандай да бір іс-әрекет жасамас бұрын заңгермен кеңескеніңіз жөн. Мүлік, соның ішінде жылжымайтын мүлік екі жолмен заң бойынша және мұра берушінің соңғы аманаты бойынша өсиет хат негізінде мұрагерлікке қалады. Заң бойынша мұрагерлік өсиет хат болмағанда немесе ол ҚР Азаматтық кодексінің ережесіне сай жарамсыз деп танылғанда қолданылады. Мұрагерлер заңда көрсетілген процедураға сай мұраға алуға шақырылады. Айта кету қажет, мұраға иелік етуге құқық мұрагердің азаматтығына қарамайды. ҚР азаматы да, шетел азаматы да, тіпті мемлекет те мұрагер бола алады. Міндетті үлес құқығына мұра берушінің кәмелет жасқа толмаған немесе еңбекке жарамсыз балалары, сондай-ақ, еңбекке жарамсыз әйелі мен ата-аналары ие (олар өсиет хаттың бар-жоғына қарамастан мүліктің белгілі бір бөлігін иемденеді). Мұраға алудың сегіз кезегі белгіленген. Кезектілік негізі туыстарды бір-бірінен бөлетін, туу санымен анықталатын туыстық деңгеймен анықталады. Заң бойынша әрбір келесі мұрагерлер кезегі алдыңғы кезекте мұрагерлер болмаған жағдайда ғана мұраға алу құқығына ие болады.

Ең бастысы – нотариуста құжаттарды рәсімдеу!

Мұраға иелік ету үшін мұрагер оны қабылдауы қажет. Мұрагер мұрагерлік іс ашылған күннен бастап, оны қабылдауды, әлде басқа мұрагерлердің пайдасы үшін одан бас тартуды шешіп алуы қажет. Мұраға иелік етуден бір рет бас тарту шешімі кейін қайтадан өзгертілмейді. Мұраны қабылдау мұрагерлік іс ашылған жердегі нотариусқа мұраны қабылдау немесе мұрагерлік құқығы туралы куәлікті беруге өтініш беру арқылы жүзеге асырылады. Жылжымайтын мүлікке мұрагерлік құқықты нотариалдық тәртіппен рәсімдеу үшін келесі құжаттар қажет:

– қайтыс болғандығы туралы куәліктің түпнұсқасы және көшірмесі;

– мұра берушімен туыстық қатынасын растайтын құжаттардың түпнұсқасы мен көшірмесі (туу туралы, неке қию туралы куәлігі және т.б.);

– пәтерге құқық белгілейтін құжаттар (сату-сатып алу құжаты, сыйға тарту және т.б.), үйдің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін үйге және жер теліміне құқық белгілейтін құжаттар.

Мерзімінде үлгерген маңызды!

ҚР Азаматтық кодексінде мұраны қабылдау мерзімі – мұрагерлік іс ашылғаннан бастап алты ай деп белгіленген. Мұрагерлік іс ашу мерзімі мұра берушінің қайтыс болған күнінен басталады. Мұрагерліктен бас тартуға да алты ай мерзім беріледі. Егер мұраға ие болу құқығы мұрагердің мұрадан бас тартуынан немесе басқа мұрагердің мұраны қабыл алмауынан кейін басқаларға берілген болса, бұл адамдар мұраны мұралық ету құқығы пайда болған күннен бастап алты ай мерзімінде қабылдай алады. Егер сіздің мұраны қабыл алу мерзіміңіз өтіп кеткен болса, не істеу керек? Бұл жағдайда мерзімді қалпына келтіру туралы сотқа өтініш беру қажет. Егер мұрагер мерзімді белгілі себептермен өткізіп алған болса және де мерзімі өткеннен кейінгі алты ай ішінде сотқа жүгінген болса онда сот мұраны қабылдау үшін мерзімді қалпына келтіреді және мұрагерді мұраны қабыл алды деп есептейді.

Мұра ашылған кезде тірі жүрген, сондай-ақ мұра қалдырушының тірі кезінде іште қалған және мұра ашылғаннан кейін тірі туған азаматтар өсиет және заң бойынша мұрагер бола алады.

Мұра ашылғанға дейін құрылған және мұраның ашылу уақытында болған заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекеттік өсиет бойынша мұрагерлер болуы мүмкін.

Заң бойынша мұрагерлердің бірінші кезегі

Заң бойынша мұрагер болу құқығын бірінші кезекте мұра қалдырушының балалары, оның ішінде ол қайтыс болғаннан кейін тірі туған балалары, сондай-ақ мұра қалдырушының жұбайы (зайыбы) мен ата-анасы тең үлеспен алады.

Мұра қалдырушының немерелері мен олардың ұрпақтары ұсыну құқығы бойынша мұра алады.

Екінші кезегі

Егер бірінші кезектегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша мұрагер болу құқығын екінші кезекте мұра қалдырушының бір әке, бір шешеден туған және әкесі немесе шешесі бөлек аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері), сондай-ақ оның әкесі жағынан да, анасы жағынан да атасы мен әжесі – тең үлеспен алады.

Мұра қалдырушының бір әке, бір шешеден туған және әкесі немесе шешесі бөлек аға-інілері мен апа-қарындастарының (сіңлілерінің) балалары (мұра қалдырушының немере іні-қарындастары, жиендері) мұраны ұсыну құқығы бойынша алады.

Үшінші кезегі

Егер бірінші және екінші кезектегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша мұрагер болу құқығын үшінші кезекте мұра қалдырушының әкесімен бірге туған ағалары мен апалары, нағашы ағалары мен нағашы апалары тең үлеспен алады.

Мұра қалдырушының немере аға-інілері, апа-қарындастары (сіңлілері) мұраны ұсыну құқығы бойынша алады.

Мұраға құқық туралы куәлік беру

Мұра ашылған жер бойынша нотариус мұрагердің өтінішімен оған мұрагерлікке құқық туралы куәлік беруге міндетті.

Мұрагерлікке құқық туралы куәлік мұра ашылған күннен бастап алты ай өткеннен кейін беріледі.

Өсиет бойынша да, заң бойынша да мұрагерлік кезінде, егер нотариуста куәлік берілуін сұраған адамдардан басқа тиісті мүлікке не бүкіл мұраға қатысты басқа мұрагерлер туралы анық деректер болмаса, куәлік аталған мерзім өткенге дейін де берілуі мүмкін.

Мұраға құқық туралы куәлікті беру бойға біткен, бірақ әлі туылмаған мұрагер болған кезде ол туылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

БЮРОКРАТИЯЛЫҚ ТОСҚАУЫЛДАР АЗАЙДЫ

Жаңа ақпараттық технологиялардың дамуы халық игілігіне қызмет ете бастады. Соттарда қолға алынған жаңа ақпараттық технологиялар – «Үкімет порталы», «Сот кабинеті» сервисі арқылы келіп түсетін арыздарды, шағымдарды, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін электронды түрде қабылдаудың жаңа сервистері, мемлекеттік органдардың ведомствоаралық электрондық құжат айналымының кеңейтілуінің барлығы көпшілік жұмысын жеңілдетті.

Сот кабинеті арқылы арыз-шағым беру азаматтардың уақытын, қаржысын үнемдеуге тиімді. Соттардағы мұндай оң өзгерістерді, жаңа бастамаларды артықшылықтарды халыққа жеткізу мақсатында аудандағы мекемелерге, халыққа қызмет көрсету орталықтарына барып, сонымен қатар сотқа келушілерге, сот кабинеті арқылы арыз-шағым жіберудің жолын, тиімділігін халыққа тұрақты түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізе бастадық.

Сонымен қатар, жаңадан «Төрелік», «Дыбыс-бейнежазба», сынды бағдарламалар енгізілгенін атап өтуге болады. Осы қолданылып жүрген сот процестерінің дыбыс және бейне тіркеуінің жетілдірілген жүйесі шын мәнісінде, сот төрелігі ашықтығымен қамтамасыз етудің ғаламат құралына айналды. Көп жағдайда бұл қолданысқа енген жайттар – сот процесінің әрбір қатысушысына тиімді. Қазір олардың кез келгені сот кабинетіне кіріп, процестің бейне және дыбыс жазбаларымен таныса алады. Осылайша, сот өндірісінің бүкіл процесі толықтай ашық бола түсуде және бұл жүйені толықтай енгізу қандай да бір процессуалдық заң бұзушылықтарды азайтады. Бұл жүйе процессуалдық нормалар мен сот этикасын мүлтіксіз сақтауды талап етеді. Сот жүйесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында, процеске қатысушылардың істің барлық материалдарымен танысуына, кез келген сот сатысында істі қараудың уақыты мен орны туралы хабардар болуға мүмкіндіктер жасалған. Яғни, сотқа түскен барлық істер бойынша, істің сотқа түскені, қарауға тағайындалғаны, қаралған күні басқа да іске қатысты мәліметтер тараптарға СМС хабарламалар арқылы жолданады. Сотта жариялылықты заңсыз шектеу жағдайларына жол берілмейді. Жеке тұлғалар және олардың өкілдері, заңды тұлғалардың өкілдері «Сот кабинетінде» орналастырылған электрондық нысандарды толтыру арқылы электрондық құжаттарды сотқа ұсынуға құқылы. Бұл үшін көрсетілген адамдар «Сот кабинетіне» тіркелуі қажет. «Сот кабинетіне» тіркелген адам электрондық құжаттарды беру сервисінің пайдаланушысы.

Бұл тұрғыда атқарылып отырған жаңашылдықтар мемлекеттік органдардың ведомствоаралық электрондық құжат айналымы сот пен қарапайым халық арасын жақындата түсті және қағазбастылықты азайтты десек қателеспейміз.

Ақнұр МЫРЗАБАЕВА,
Орал қаласының мамандандырылған әкімшілік соты кеңсесінің бас маманы

СҰХБАТ

Айжан ***ЖАТҚАНБАЕВА,*** *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, заң факультетінің Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.д., профессор:*

КЕДЕНШІЛЕРДІ ОҚЫТУ ӘЛЕМДІК СТАНДАРТҚА СӘЙКЕС ЖҮРГІЗІЛЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Содан бері білім жүйесіне қатысты біршама жұмыс атқарылды. Нәтижесі де жаман емес. Сондықтан бүгінгі білім саласының ахуалы төмен деп айтуға негіз жоқ.

Бірақ «Отандық білім сапасын көтеру үшін не істеу керек?» деген сұрақ төңірегінде сөз қозғауға болады. Ол үшін, алдымен, білім беру жүйесі жақсы дамыған елдерді анықтап, олар осындай көрсеткіштерге жетуде қандай ұстанымдарды негізге алғанын білу керек. Екіншіден, әлем елдерінің білім беру жүйелерін зерттеген ғылыми-тәжірибелік еңбектерді мұқият талдап, білім беру жүйесін құраушыларды анықтап, соның негізінде елімізде атқарылған жұмыстарды зерделеп, қажетті қорытынды жасау қажет. Одан кейін негізінен білім саласы жақсы дамыған елдерде тиімді нәтиже беруде. Ал білім беру технологиялары әлі де кенжелеп тұрған біздің елімізде онлайн форматта білім берудің өзіндік проблемалары бар екені рас. Десек те, қашықтан білім беру үрдісі – заман талабы, сондықтан уақытты ұтымды пайдаланып, дәрістің сапасына мән беруіміз қажет.

Жалпы, қашықтан оқыту технологиясы бойынша білім беру жүйесі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де бұрыннан қолға алынып, әрдайым дамытылып, қолданылып жүр. Жаппай қашықтан оқытуға көшуге байланысты сабақ өту және емтихан тапсыру барысында жүйені артық жүктемеден сақтау мақсатында оқытушылар мен студенттерге бірнеше жаңа платформа ұсынылды. Атап айтсақ «Майкрософт Teams», «Zoom», YouTube Streaming, Cisco Webex, Google Meet, Okulyk.kz білім берудің бір құралы – оқулықтың сапасын арттырған жөн деп білемін. Өйткені, оқулық тәрбиелік те, идеологиялық та қызмет атқарады.

– Онлайн оқыту жоғары оқу орындарының білім беру сапасына қалай әсер етуде?

– Жоғары оқу орындарын қашықтан оқытуға, оның ішінде білімді бағалаудың барлық түрін қашықтан жүргізуге ауыстыру – әлемді жайлаған коронавирус індетінің таралуын тежеу үшін қабылданған нақты қадамның бірі, бұл бірінші жағдай. Қашықтан оқытуға мүмкіндік беретін екінші жағдай – сандық технологиялар дәуірінде әрі дәл қазіргі жағдайда жоғары оқу орындарының қашықтан дәріс беру жүйесіне көшуі – заман талабы болып отыр. Ал білім – тоқтаусыз, толассыз жүретін үрдіс. Білім сапасына келетін болсақ, қашықтан оқыту Қазақстан ғана емес, әлем бойынша көптеген елдер қолданып отырған мәжбүрлі формат. Бұл әдіс сыртқы ресурсы және ағылшын тілінде Distance Courses_Student Guide. Олардың әрқайсысының жұмыс істеу тәртібі туралы қазақ және орыс тілдерінде оқытушылар мен студенттерге арнап жеке-жеке түсіндірме нұсқаулықтар мен диалогтық тренажерлер, бейнежазбалар мен скринкастар жүктелген. Сондай-ақ, біздің университеттің бағдарламашылары әлемдегі ең танымал қашықтан оқыту Moodle жүйесі мен «Univer 2.0»-ны біріктіріп, өзінің «Univer 2.0» онлайн платформасын жасап шығарды.

– Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасына оқуды мақсат еткен талапкер нені білуі қажет, неден бастауы керек?

– Кез келген ата-ананы «Баланың қайда және қандай мамандық таңдағаны дұрыс? Ол мамандық ұрпағымыздың болашағын қамтамасыз ете ала ма?» деген сұрақ мазалайды. Бұл тұста, жас талапкерлерге, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің заң факультетінде «Кеден ісі» мамандығы бойынша болашақ кеден қызметкерлерін даярлайтын Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасын ұсынар едім. Кеден қызметкерлерін даярлау – бұл ұлттық мүдделер қарауылында тұратын мемлекеттік қызметшілерді даярлау. Қазақстанда кеден ісі мамандығы бойынша түлектерді оқытуды қамтамасыз ететін жоғары оқу орындары санаулы. Бакалавриат және магистратура бағдарламалары бойынша кеден ісі аясындағы мамандарды даярлайтын университеттердің бірі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультеті. Факультет өз қызметінің шеңберінде Қазақстан Республикасында да, жақын және алыс шет елдерде де мыңдаған маманға жоғары заңгерлік білім береді. Заң мектебінің түлектері арасында министрліктердің, сот органдарының, прокурорлардың, ішкі істер мен мемлекеттік қауіпсіздіктің көптеген жоғары білікті және жауапты қызметкерлері бар.

Заң факультетінде кеден ісі мамандығы бойынша дайындау екі бағытта жүзеге асырылады. Біріншісі, кеден органдарының мамандары және мемлекеттік кірістер қызметі. Екіншісі, іскерлік құрылымдар саласындағы мамандар. Оқу бағдарламалары пәндерін танымал профессорлар мен академиктер оқытады, атап айтқанда: 29 заң ғылымының докторы, 50 заң ғылымының кандидаты және 15 PhD докторы, соның ішінде 15 «ЖОО-ның үздік оқытушысы» грантының иегері, дарынды жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияның 10 жүлдегері, мемлекеттік наградалардың 7 жеңімпазы бар. Оқытуды шетелдік ғалымдар мен тәжірибешілер де жүзеге асырады.

– Кафедраңызда оқылатын пәндердің практикамен байланысы туралы не айтасыз?

– «Кеден» мамандығы бойынша білім алушыларға арнайы практикада тәжірибелі мамандар дәріс жүргізеді. Кеден органдарымен достық қарым-қатынасты үзбейміз және олардың жүйесінде біздің түлектеріміз жұмысқа орналасып, қызмет атқаруда. Кеден ісі аясындағы мамандарға, әсіресе, еліміздің мемлекеттік шекарасы арқылы тауарларды тасымалдайтын коммерциялық ұйымдар мен логистикалық компаниялар мен т.б. жоғары қызығушылық танытуда. Жаһандану жағдайында әлемдік сауданың өсуіне халықаралық стандарттарға сәйкес келетін кәсіби кеден қызметкерлерінің біліктілігін арттыру өте маңызды. Сондықтан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да кеденшілерді оқыту әлемдік стандарттарға сай жүзеге асырылады. Осылайша кеден мамандығының білім беру бағдарламасы Дүниежүзілік кеден ұйымы мен Еуропалық Одақ қабылдаған халықаралық кедендік кәсіптік стандарттарға сәйкес әзірленеді. Сонымен қатар, білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының кеден органдары және бизнес-құрылымдарымен келісіледі. Бұл, әрине, студенттердің қазіргі еңбек нарығында сұраныска ие пәндерді оқып, құзыреттілік пәндерді қалыптастырады дегенді білдіреді.

– Университетті тәмамдаған жас маман қайда жұмысқа орналаса алады?

– Заманауи кеденші өмір бойына білім алады, және де карьералық өсуінің кепілі – оның базалық білімі болып табылады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 15 жыл бойы «Кеден ісі» мамандығы бойынша болашақ кеденшілерді даярлап келеді. Бұл уақыт ішінде біздердің Кеден органдарымен достық қарым-қатынасымыз орнады және олардың жүйесінде біздің түлектеріміз жұмысқа орналасып, қызмет атқаруда. Университетті бітіргеннен кейін кеден ісі мамандығының түлектері Қазақстан Республикасының кеден органдарында жұмыс істей алады. Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыратын әр түрлі меншік нысанындағы ұйымдарда; іскерлік логистика және көлік инфрақұрылымы; мемлекеттік және муниципальдық органдарға; академиялық, ведомстволық және басқа ғылыми ұйымдарға; жоғары және орта кәсіптік білім беру мекемелері, жалпы орта білім беру және қосымша білім беру жүйесінде қызмет ете алады. Осылайша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультеті кеден ісі саласындағы жоғары білікті бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауда білім беру саласында, дәстүрлерді сақтап, білім сапасына айрықша көңіл бөліп отыр.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

ТАЛҚЫ

Ақмола облыстық соты Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетімен бірлесіп, «Әлем елдерінің мемлекеттік тілдерге деген көзқарасы» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНІҢ ТІЛГЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫ ҚАНДАЙ?

Іс-шара Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздер күні өткізіліп, оған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса, ҚР Жоғарғы Соты Төрағасының хатшылығы меңгерушісінің орынбасары Нұргүл Қарағойшина, Ақмола облысының прокуроры Айдос Майлыбаев, Ақмола облысы әкімінің орынбасары Елдос Рамазанов, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің доценті Айман Ақтанова, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің заң ғылымдарының магистрі Анар Букаева, Көкшетау қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы мемлекеттік университетінің профессоры Бердібай Шалабай, заң ғылымдарының магистрі Ерлан Наурызбаев, Ақмола облысының ардагерлері, мемлекеттік, құқық қорғау органдарының басшылары, адвокаттар, судьялар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Ақмола облыстық сотының төрағасы Досжан Әмір конференция жұмысын ашып: «Мемлекеттік рәміздердің ажырамас бөлігі – ол мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тілдің маңыздылығы туралы біз әрқашан мәселе көтеріп, жылда үлкенді-кішілі жиындарда талқылап, шешімдер қабылдап жүрдік. Бүгін тіл мәселесін талқылап, әлем елдерінің мемлекеттік тілге деген көзқарасын зерттеу мақсатында жиналып отырмыз», – деді.

Ғосман Төлеғұл «Шет елдердегі мемлекеттік тілдің қалыптасуы туралы», Айман Ақтанова «Қазақ тілінің мәртебесін көтерудің қарапайым да, тәте жолдары», Анар Букаева «Мемлекеттік тілдің заң саласында қолданылуы», Бердібай Шалабай «Қазақстандық бірегейлікті қалыптастырудағы мемлекеттік тілдің рөлі», Ерлан Наурызбаев «Қоғамның құқықтық мәдениетін жаңғыртудағы мемлекеттік тілдің алатын орны», Ақмола облысы Аққөл аудандық сотының төрағасы Жандос Жетібаев «Өзге елдердің мемлекеттік тілдерін негізгі тіл етіп, көтеру жолдары», Ақмола облысы Аршалы аудандық сотының судьясы Олжас Шалабаев «Әлем көзқарасы: мемлекеттік тілдің маңызы», Ақмола облысы адвокаттар алқасының адвокаты Ардақ Батиева «Мемлекеттік тіл сот өндірісінде» атты тақырыптарда баяндамаларын жасады. Іс-шарада Ақмола облысы соттарында мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар туралы слайд көрсетілді.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса өз сөзінде: «Әр мемлекет өз тілін сыйлап, төрде ұстау керек. Мемлекеттік тіл деген басқа тілдерден үстем болу керек. Өкінішке орай, Тәуелсіздігіміздің 30 жылы ішінде мемлекеттік тілді білмейтін мемлекеттік қызметшілер бар» – деді. «Мемлекеттің тәуелсіз символы – тіл» деп бүгінгі күні тергеу амалдарының құжаттарын қазақ тілінде жүргізу жобасы іске асырылып жатқанын айтып өтті.

Ақмола облысында тіл саясатына қатысты жүргізілген жұмыстар жөнінде Елдос Рамазанов баяндап берді. Бердібай Шалабай мен Ерлан Наурызбаев жергілікті әкімшілікке мемлекеттік тілде шығарылып жатқан құжаттарға мониторинг жүргізу, қазақ тілінде білім беретін оқу орындарының санын көбейту, мемлекеттік қызметшілерге қоғам алдында, БАҚ-та мемлекеттік тілде сөйлеуді талап ету, мемлекеттік тілді білу парыз ғана емес, заңмен міндет етіп көрсету арқылы құқық қорғау органдары жаңа енгізілген заңдарды мемлекеттік тілде талқылау керектігіне баса назар аударды. Айман Ақтанова мемлекеттік тіл мәселесін шешкен Түркия мен Израиль елдерінің тәжірибесін саралап берді. Ақмола облысы Аққөл аудандық сотының төрағасы Жандос Жетібаев Армения, Әзірбайжан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан, Беларусь, Украина, Қырғызстан елдерінің мемлекеттік тілдерін негізгі тіл етіп, көтеру жолдарын баяндап берді.

Жиынды қорытындылаған Ақмола облыстық сотының төрағасы, қарарда мемлекеттік тілді қолдану бойынша бақылауды күшейтуге, тіл заңнама нормаларының бұзылуын анықтау және жол бермеу мақсатында барлық шараларды қабылдауға, мемлекеттік органдарға соттарға талап қою арыздарын мемлекеттік тілде жолдау туралы міндеттеме қою және т.б. іс-шаралар карастырылатынына назар аударды.

Ақмола облыстық сотының баспасөз қызметі

КИЕ

ҚАЖЕТТІЛІК ТУДЫРМАЙ, ҚАДІР АРТПАЙДЫ

Мемлекеттік тілді дамытуға жол ашатын заңдық тетік Қазақстанда әлдеқашан жасалған. Осы елдік мәселені жүйелеуден мемлекет қаржыны да, қолдауды да аяп қалмады. Еліміздің бас құжаты – Конституцияда «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп көрсетілген. Ал «Мемлекеттік тіл туралы» арнайы заңда қазақ тілінің баянды болашағына құқықтық негіз жасалған. Сондай-ақ, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл сайынғы Жолдауларында мемлекеттік тіл мәселесінің ескерілмей қалған кезі жоқ. Көріп тұрғанымыздай, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге көмектесетін барлық мүмкіндік ескерілген. Мәселе тек халықтың ниетінде, тілді бағаламауында болып отыр.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі елімізде тұрып жатқан барлық қазақстандықтарды біріктіретін күш» деді. Тіл елді біріктіретін алып күшке айналу үшін оны білетіндер қатары көп болуы қажет. Өкінішке орай, тәуелсіздік алғанымызға отыз жыл болса да, біз осы межеге әлі күнге жете алмай келеміз. Бірақ солай екен деп қол қусырып әрекетсіз отыруға тағы болмайды. Мәселен, Жоғарғы Сот төрағасы да құжат айналымын толықтай қазақшаға көшіріп, мемлекеттік тілде қаралатын істердің санын көбейту керегін үнемі назарға салып келеді. Бұл тапсырмалар соттың өз алаңында ретімен орындалуда. Айталық, сот органына түскен арыз, сауалдың барлығына міндетті түрде мемлекеттік тілде жауап беріледі. Сол секілді соттан жолданған хат, ұсыныс, сауалдың барлығы қазақша дайындалады. Бүгінде бұл талап-тәртіпке барлық тұтынушының көзі үйренген.

Десек те, сот отырыстарының басым бөлігі әлі күнге ресми тілде қаралуда. Қалыптасқан жағдайды өзгерту мақсатында құзырлы орын өкілдерін қатыстыра отырып бірнеше мәрте жиындар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Азаматтарды Отанды сүюге үндеп, сол арқылы мемлекеттік тілге деген құрметті арттырудың амалы жасалды. Әзірге бұл іс-шаралардың нәтижесі жоғары бола қоймағанмен, қазақ тілін насихаттауға байланысты қадамдардан еш уақытта бас тартуға болмайды. Әсіресе, істі азаматтардың жетік білетін тілінде емес, өзі жетік білетін тілде жүргізуге күш салатын тергеуші, адвокаттарға ой салу бірінші кезекте тұр.

Тіл үйренуге ынталандыратын тетіктерді де назардан тыс қалдырмаған абзал. Тәуелсіздіктің алғашқы кезінде қазақ тілін үйренгісі келетіндерге тегін сабақтар ұйымдастырылып, мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік тілді меңгеруіне барлық мүмкіндік қарастырылды. Бірақ тәжірибе көрсетіп отырғандай, осы тұста бөлінген қаржы өзін-өзі ақтады деп айта алмаймыз. Өйткені тегін дүниенің қадірі болмайды. Ол үшін қажеттілік тудыру маңызды. Мәселен, мемлекеттік тілді білмей, мемлекеттік қызметке орналасуға болмайтынын құқықтық тұрғыдан бекітсек, баласын қазақша балабақшаға беріп, қазақ мектептерінде оқытатын ата-аналар легі көбейер еді. Қажеттілік тудыра білсек, қазіргі қалыптасқан жағдайды толық болмаса да, біршама өзгертуге болады. Айталық, сот ісін тек мемлекеттік тілде жүргізуге міндеттейік. Өзге ұлт өкілдерінің өзін қорғау құқығы бұзылмас үшін аудармашы берілуі керек. Мұндайда істі қарау уақыты ұзаққа созылатыны шындық. Бірақ, аудармашы арқылы тілдесудің қиындығын көріп, машақатын сезінген соң тараптар да, адвокаттар да мемлекеттік тілді үйренуге тырысар еді. Қажеттілік деген осы.

Жайық ЖАНБОЛАТОВ,
Қапшағай қалалық сотының судьясы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ЖАҢА ЗАҢ

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ИНСТИТУТЫНАН КҮТЕРІМІЗ КӨП

Құқықтық саладағы тың дүние, озық тәжірибелерге үнемі зер салып, назар аударып жүретіндіктен әкімшілік әділеттің маңызы заңгерлік ортада біраздан бері айтылып, талқыға түсіп, өзінің уақытын күтіп жүрген болатын. Жалпы, халықаралық талаптарды басшылыққа алып, азаматтар құқығын қорғауды басты орынға қоятын Қазақстанда бұл институттың ескерілмей, елеусіз қалуы мүмкін емес еді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезекті Жолдауында жаңа институтқа көңіл бөліп, құзырлы орындарға тапсырма беруі көпшілік көңілінде жүрген бастаманың тәжірибеге енгізілуін жеделдетті. Өз Жолдауында азаматтар құқығын мінсіз қорғап, сот төрелігінің сапасын көтеруді сөз еткен Президент азаматтардың жария-құқықтық дауларда теңсіздік ахуалында қалатынын, олардың мүмкіндігі мемлекеттік аппараттың ресурсына сай еместігін сынға алған болатын. Мұндай кемшіліктің барын статистика да айғақтайды. Мәселен, бізде орта есеппен 1000 адамға шаққанда бар болғаны 1,4 жария-құқықтық даудан келеді екен. Ал дамыған елдерде, соның ішінде әкімшілік әділет институты жақсы жұмыс істейтін мемлекеттерде мұндай дауларды қараудың бірыңғай тәжірибесі толық қалыптасқан. Соған орай 1000 азаматтың орта есеппен 5-уі соттасуға батыл шешім қабылдайды. Яғни, бұл елдерде азаматтар мемлекеттік органдардың әрекетіне немесе әрекетсіздігіне көңілі толмаған жағдайда арызданудан, соттасудан қорықпайды. Өйткені, жария-құқықтық дауларды қарауда сүйенетін заңда ең алдымен жеке азаматтар мен заңды тұлғалардың мүддесі бірінші орынға қойылған. Бұл өз кезегінде қарапайым халықтың заңға, заң арқылы сотқа деген сенімін нығайтады. Ал әкімшілік әділет саласы бір жүйеге түспеген елдерде азаматтар жария-құқықтық істердің келешегіне күмәнмен қарайді. Соның әсерінен сотқа жүгіне бермейді. Шілде айынан бастап қолданысқа енгізілгелі тұрған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс осы түйткілдерді тиімді реттеуді мақсат етіп отыр.

Кодекстегі жаңашылдықтар туралы айтқанда ең бірінші назарға ілінетіні – сот белсенділігіне қатысты қағидат. Бұрын судья істі таразылағанда екі тарап ұсынған дәлелдер шегінен шыға алмайтын. Ал тараптардың бәрі бірдей құқықтық тұрғыдан сауатты емес. Қай тараптың қай жерден ұтылып, қай тұстан ақсап тұрғанын білсе де судьяның іске араласып, жол сілтеуге, қосымша құжаттар сұратуына құзыреті жетпейтін. Судьяның артық сауалының өзі мұндай кезде тараптардың күмәнін туғызатын. Төрелік етер адамды тосылтатын да осы жайт еді. Жаңа кодекс бұл олқылықтың орнын толтырып отыр. Соған сай енді сот тараптар ұсынған дәлелдемелермен шектеліп қалмай, дауды шешуде маңызға ие барлық мән-жайларды жан-жақты, толық әрі объективті зерттейді. Сонымен бірге, өз бастамасы бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдемелер жината алады.

Кодекстің маңызын арттырған тағы бір ерекшелік – енді мемлекеттік органдар қызметіне арызданған азаматтарға өз сөзін дәлелдеу қажет емес. Ол үшін мемлекеттік органның шешімімен келіспеген азаматқа сотқа талап арызбен жүгіну жеткілікті. .

Сот шешімінің орындалмай орта жолда қалатыны қоғамдағы өзекті мәселенің бірі. Жаңа заңда бұл мәселенің де шешімін табуға қадам жасалған. Соған сәйкес әкімшілік сот өз шешімдерінің орындалуын қатаң бақылайды. Сот шешімін орындамаған жауапкерден процестік мәжбүрлеу шарасы ретінде ақша өндіріп алу көзделген. Әрі ол сот шешімі орындалғанға дейін бірнеше рет қолданылуы мүмкін. Оның мөлшері 50-ден 100 АЕК-ке дейінгі соманы құрайды.

Бүгінде жаңа заңнаманың талаптарын түсіндірумен бірге, жаңа әкімшілік соттарды құру, оған судьяларды бейімдеу бағытында іргелі істер қолға алынуда. Әкімшілік әділет институтын жандандыруды көздейтін бұл шаралар қоғамда оң нәтижесін береді деп сенеміз.

М.МАМУТОВА,
Талдықорған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ПАЙЫМ

Ел заңдарының қатары Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексімен толыққаны баршаға аян. Қазіргі таңда жаңа заңның нормалары БАҚ-тар арқылы жұртшылыққа кеңінен насихатталуда. Осы мақсатта біз аталған кодекстің 24-тарауына, яғни, соттың шешімдеріне, олардың мазмұны, дайындалу, орындалу мерзімдері, т.б. заңдылықтарына қысқаша тоқталмақпыз. 151-бапқа орай, шешім әкімшілік істі талқылаудан кейін шығарылады, ол әкімшілік істі ауызша талқылау аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен, ал, айрықша жағдайларда, яғни, күрделі істерде бір айдан кешіктірілмей дайындалады.

ЗАҢДАРДЫ ТҮСІНДІРУ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫ КӨТЕРЕДІ

Дүние-Зада КЕНШИМОВА, Ақтау қалалық №2 сотының судьясы

Сот шешімінің мазмұны кіріспе, сипаттау, уәждеу және қарар бөліктерден тұрады. Мысалы, уәждеу бөлігінде даудың мән-жайлары, талап қою талаптары мен олардың негіздемелері, соттың қандай да бір дәлелдемелерді қабылдамауының дәлелдері, әкімшілік процеске қатысушылар дәлелдерімен келіспеу себептері, заңнама нормалары, мәлімделген талаптардың әрқайсысы бойынша қорытындылар тұжырымдалады. 153-бапта қысқаша шешім нормалары нақтыланған. Қысқаша шешім – кіріспе, уәждеу, сондай-ақ, қарар бөліктерімен сипатталады, әрі ол он жұмыс күні ішінде дайын болады. Соттың шешімі жазбаша нысанда шығарылып, оған судья қол қояды.

Сот шешім шығару барысында дәлелдемелерді бағалап, анықталған мән-жайларды, осы әкімшілік іс бойынша қандай құқықтық акт қолданылатынын, талап қоюдың қанағаттандыруға жататын-жатпайтынын айқындайды. Әкімшілік істе бірнеше талап қойылуы мүмкін. Ондай сәтте шешім барлық талап бойынша қабылданады. Айта кетерлігі, әкімшілік орган немесе лауазымды адам әкімшілік қалауды жүзеге асырған кезде сот оның осы өкілеттік мақсаттарына сәйкес келетін-келмейтінін тексереді. Әкімшілік актінің немесе бір бөлігінің заңсыз деп танылуы соттың шешімінде өзгеше көзделмесе күшін жоюға алып келеді. Сот талап қоюдың заңға қайшы екенін анықтаса, оны қанағаттандырудан бас тартады.

Заңның 156-бабында дау айту туралы талап қою бойынша шешім қарастырылған. Егер әкімшілік актіге дау айту туралы талап қою негізді болып, сот оның заңсыздығын таныса, онда акт толық немесе ішінара күшін жояды. Орындалып қойған немесе орындалып жатқан, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актінің заңсыздығы анықталса, сот оның күшін жоюға жауапкерді мәжбүрлеуге құқылы. Сондай-ақ, сот мәжбүрлеу туралы талап қоюда жауапкерге ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіні қабылдамау міндетін де жүктей алады. Әкімшілік қалау болған кезде талап қоюшының талаптарын қанағаттандыру мүмкін болмаса, жауапкерге тиісті әкімшілік актіні талап қоюшының пайдасына қабылдау міндеттеледі. Әрекет жасау туралы талап қою шешімі 158-бапта көзделген. Мұндай талап қою негізді әрі заңды болса, жауапкерге нақты әрекеттер жасау міндеті жүктеліп, оларды орындау мерзімі белгіленеді. Талап қоюшының бір мезгілде жауапкер әрекетінің құқыққа қайшылығын тану туралы талабы сот шешімімен қанағаттандырылады. Ал, әрекетке тыйым салу туралы талап қою негізді және заңды болса сот жауапкерге кейіннен нақты әрекеттер жасауға тыйым салады. 159-баптың 2-бөлігінде көрсетілгендей, сот тану туралы талап қоюды негізді және заңды деп таныса, мән-жай талап қоюшының бұзылған құқықтарын қалпына келтіру үшін қажет болса, ауыртпалық түсіретін әкімшілік акті заңсыз болады. Залалды өтеу туралы талапты шешу заңдылығы 160-бапта сараланған. Талап қоюшы талабы қанағаттандырылған жағдайда келтірілген залалдың мөлшерін сот анықтайды. Бірінші сатыдағы соттың шешімі дереу орындалуға жіберілмесе, сондай-ақ, оған апелляциялық шағым, өтінішхат берілмесе, апелляциялық шағым жасауға арналған мерзім өткен соң заңды күшіне енеді. Апелляциялық шағым жасауға, өтінішхат келтіруге арналған мерзім өтіп кеткен және сот оны қалпына келтіруден бас тартқан жағдайда, шешім бас тарту туралы ұйғарымға шағым жасау мерзімі біткен соң заңды күшіне енеді.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

КӨЗҚАРАС

ӨЗГЕРІСТЕР ОҢ НӘТИЖЕГЕ БАСТАЙДЫ

Осы жылдың шілде айында бірнеше заңға атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша енгізілген өзгерістер күшіне енді. Соған сәйкес мәжбүрлеп орындау шараларын қолдану тәртібі, атқарушылық өндірістің жалпы тәртібі өзгертілді. Бұдан басқа жекелеген мәселелер сот қарауынан алынып, басқа мемлекеттік органдар құзырына берілді.

Соның біразына тоқталсақ. Осыған дейін қолданыста болған заң талабына сәйкес жеке сот орындаушысының ұсынысы бойынша борышкерге іздеу жариялау мәселесін соттар қараған болса, енді мұндай ұсынысты қарау прокуратураға берілді. Еңбек кодексіне енгізілген өзгеріске сәйкес жалақы бойынша берешекті өндіру сотқа жүгінбей, еңбек инспекторының атқарушылық құжат күші бар жұмыс берушінің жалақы төлеуі туралы нұсқамасы негізінде жүзеге асырылады. Осы кодекстің 195-бабының талабына сәйкес мемлекеттік еңбек инспекторы жұмыс берушінің жалақы төлеуі туралы нұсқамасын шығарады. Мемлекеттік еңбек инспекторының актілерін орындау міндетті. Борышкердің шетелге шығуына шектеу қоятын қарыз сомасының төменгі шегі 20 айлық есептік көрсеткіштен 40 айлық есептік көрсеткішке дейін көбейтілді. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 33-бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес сот орындаушысы 1) атқарушылық құжаттың мерзімді төлемдерді өндіріп алу туралы талаптары үш айдан астам; 2) республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген қырық еселенген АЕК-ке тең не одан асатын сомаға атқарушылық құжат талабы орындалмаған жағдайда борышкер болып табылатын жеке тұлғаның, заңды тұлға басшысының (міндетін атқарушының) Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеу туралы қаулы шығаруға міндетті екені айқындалды. Заңдағы өзгеріске сәйкес республикадан шығуға уақытша шектеу қойылған борышкерге тиісті түрде хабарланған күннен бастап бес жұмыс күні өткеннен кейін шектеу қойылатыны белгіленген.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңының 27-бабына сәйкес атқарушылық іс жүргізудегі хабар-хаттар мен шақырулар тәртібіне де елеулі өзгеріс енгізілді. Борышкер талаптарды орындамаса сот орындаушысының ұсынысы бойынша жеке тұлғалардан өндірілетін өсімпұл мөлшері 5 АЕК-тен 2 АЕК-қа төмендетіліп, оның шекті көлемі 360 АЕК деп белгіленсе, заңды тұлғалар үшін 900 АЕК деп белгіленді. Заңның 104-бабы 2-бөлігінің талабына сәйкес борышкер сот орындаушы талаптарын белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда сот орындаушысы борышкерден мемлекет кірісіне мерзімі өткен әрбір күн үшін жеке адамдардан екі АЕК және заңды тұлғалардан он АЕК мөлшерінде өсімпұл өндіріп алу туралы ұсыныспен сотқа жүгінеді. Өндіріп алынатын өсімпұлдың шекті мөлшерін жеке тұлғалар үшін 360 АЕК, заңды тұлғалар үшін 900 АЕК-тен асыруға болмайды. Заңнамаға енгізілген өзгеріс пен толықтырулар сот орындаушы жұмысын жетілдіріп, соттардың жұмысын оңтайландыруға бағытталғанын атап өткен жөн.

С.НҰРҒАЛИЕВА,
Глубокое аудандық сотының судьясы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

СОТ СӨЙЛЕСІН

Сот саласындағы реформалар жалғасын тауып келеді. Осы жаңғыртулардың арқасында сот жұмысында үлкен өзгерістер орын алды. Саланы материалдық-техникалық жақтан қамтамасыз ету, судьялардың тәуелсіздігін нығайту, сот корпусына сапалы кадрларды тарту, әділ сот төрелігіне қол жеткізу мақсатында алға қойылған меже, міндеттердің барлығы өз деңгейінде орындалып жатыр. Бұл қадамдарды заңнамалық тұрғыдан реттеу мәселесі де оң шешілген. Шілде айынан бастап қолданысқа енгізілгелі отырған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің де алға қойған мақсаты мен бағдары айқын. Бұл құқықтық құжатты қабылдауға Мемлекет басшысы тапсырғандай жария-құқықтық даулардағы теңсіздікті жою түрткі болған еді.

АЗАМАТТАР МҮДДЕСІ БАСТЫ ОРЫНДА

Расында мемлекеттік орган сияқты алып құрылым мен жеке азаматтардың мүмкіндігі мүлде салыстыруға келмейді. Мемлекеттік органдарда заңгерлердің мықты шоғыры қалыптасқан. Ал жеке азаматтардың өз мүддесін талапқа сай қорғау тұрмақ, кейде қарапайым талап арыз жазуға сауаты жетпей жатады. Бұл олардың мемлекеттік қызметтегі кемшіліктерді көрсетіп, өз құқығын қорғап шағымдануына кедергі келтіреді. Өйткені, азаматтар өзіне сенбейді, сотта өз сөзін дәлелдей алатынына күмәнмен қарайды. Содан болар бүгінгі күнге дейін Қазақстанда жария-құқықтық даулар саны тым аз болды. Мұның қоғамды дамытуда үлкен кедергі екені айтпаса да түсінікті.

Әкімшілік әділет институты салтанат құрған елдерде мемлекеттік органдар қоғамдық пікірмен санасады. Азаматтардан жиі арыз-шағым түспес үшін өз міндеттеріне үлкен жауаптылықпен қарайды. Себебі, әкімшілік әділет қағидатына сай жария-құқықтық дауларда қарапайым азаматтардың мүддесі барынша кең қорғалған. Мұнда арыз-шағымда көрсетілген деректерді дәлелдеу жеке азаматтарға емес, мемлекеттік органдарға жүктелген. Дәл осы ұстанымның жаңа қолданысқа енгелі отырған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінен орын тапқаны құптарлық. Бұл мемлекеттік қызметті ширатып қоймай, сонымен бірге сот жүйесіне деген оң көзқарас қалыптастырып, азаматтардың өз құқығының қорғалатынына сенімін нығайтады.

Бүгінгі күнге дейін елімізде «Әкімшілік рәсімдер туралы» кодексі қолданылып келді. Жаңа заңнаманың тәжірибеге енгізілуімен бұл құжат өз күшін жояды. Сонымен бірге, осы уақытқа дейін мемлекет пен азамат арасындағы даулар жалпы юрисдикциялық, сондай-ақ экономикалық және азаматтық соттарда қаралған болса, 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап мұндай істер жаңа әкімшілік соттардың қарауына өтеді. Азаматтар құқықтарын негұрлым тиімді қорғау мақсатында республикада 21 жаңа әкімшілік сот құрылатыны белгілі. Олардың 17-сі облыс орталықтарында болса, қалған төртеуі Қаскелең, Семей, Жезқазған, Екібастұз қалаларында жұмыс істейді деп күтілуде.

Қай кезде болсын алғашқы қадамды жасау оңай емес. Әкімшілік соттардың жұмысы да тыңғылықты ұйымдастыруды, ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Себебі, жаңа соттар бірінші жұмыс күнінен-ақ халықтың көңілінен шығатындай іс жасауы керек. Ол үшін, соттың материалдық-техникалық базасынан бөлек, осы соттарда төрелік жасайтын судьялардың алғашқы құрамын дұрыс таңдауға, олардың біліктілігін көтеруге мән берген абзал. Осы мақсатта Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігі академиясында судьяларды жаңа заңнамамен жұмыс жүргізуге баулу, машықтандыру бойынша кең көлемді іс-шаралар қолға алынуда. Бұл дәрістерде әкімшілік әділет институты жақсы дамыған елдердің үздік тәжірибесі басшылыққа алынады. Жаңа институт мемлекеттік басқару рәсімдеріне тұрғындарды көптеп тартуды көздейді. Сонымен қатар, сот төрелігінің ашықтығына, сапасына, сот жүйесіне деген сенімнің жаңа деңгейіне жеткізеді деп күтілуде.

Самат ЖЕЛДЕРБАЕВ,
Қармақшы аудандық сотының судьясы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ІС-ШАРА

Елдіктің белгісі

Алматы қаласы Жамбыл атындағы мемлекеттік жасөспірімдер кітапханасы және Алматы қаласының мемлекеттік жастар саясатын дамыту қоры қызметкерлермен ЛА-155/6 мекемесіндегі жазасын өтеп жатқан жасөспірімдер арасында онлайн режимде мемлекеттік рәміздер күніне арналған патриоттық іс-шара өтті. «Мемлекеттік рәміздер: азаттықтың нышаны, елдіктің белгісі» атты тақырыпта өткен кездесуде Алматы қаласының мемлекеттік жастар саясатын дамыту қоры қызметкерлері жасөспірімдерге мемлекетіміздің рәміздері туралы баяндама жасап, толық мағлұмат берді. Жамбыл атындағы мемлекеттік жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері рәміздерге жеке-жеке тоқталып өтті.

Іс-шара соңы Жамбыл атындағы мемлекеттік жасөспірімдер кітапхана қызметкерлері рәміздер туралы кітап көрмесін көрсетіп, баяндама жасап, викториналық сұрақтар қойып, мәліметтер берді. Жазасын өтеуші жасөспірімдер рәміздер туралы өлеңдерін оқыды.

Іс-шара мемлекеттік рәміздердің маңыздылығын насихаттау, олардың бойындағы патриоттық сезімін арттыру мақсатында өтті.

Е. ЖЕҢІСХАН,
ЛА-155/6 мекемесі

ПІКІР

Қазақстанның патриотымын!

Мемлекеттік рәміздер күнін мерекелеуге бағытталған семинар сабақ өз Отанымызға деген сүйіспеншіліктен басталды.

Патриот – бұл өз елін сүйетін, ұлтын, тілін, тарихын, ежелден келе жатқан ата-баба салт-дәстүрлерін, дінін, ділін құрметтеп, өз елі үшін қызмет ететін тұлға. Сондықтан, әрбір қазақпын деген азамат өз елінің патриоты болуға тиіс. Патриотизм ең алдымен адамның отбасына деген сүйіспеншілігінен басталады. Қазақ халқында «Отан отбасынан басталады» деген аталы сөз бекер айтылмаған. Біздің еліміздегі әрбір азамат өзі өсіп-өніп, өмір сүріп, қызмет етіп жатқан еліне құрметпен қарауға тиіс. Кішкентай кезінен отанын сүйіп өскен бала, болашақта да өз елі үшін қызмет етері анық. Патриотизм жасанды болмаған жағдайда ғана өз жемісін береді.

Патриоттық сезім шын жүректен шығуы керек.

Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гөрі Отанында өмір сүргенді артық көретіндей, өйткені, өз жерінде өзін жақсы сезінетіндей болуға тиіс. Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс»,– деп айтты. Елбасының бұл сөзі жастарға серпіліс беріп және оларға үлкен сенім артатынының дәлелі екені сөзсіз. Патриот ұғымының мағынасы тым терең. Мен өзімді Қазақстанның азаматы болғаным үшін, қазақ жерінде өмір сүргенім үшін бақытты сезінемін. Бұл менің бойымдағы асқақ патриоттық сезімді оятады. Өзімді, қазақ екенімді, қазақ болып туғанымды мақтан етемін. Патриоттық қасиет белгілі бір уақытқа, кезеңге бөлінбейді. Ол әрқашанда өзінің ұлтына деген ыстық сезімнен тұрады. Патриоттық қасиет – отбасынан бастау алады. Елі мен жеріне құрметпен қараған азамат сол елдің өсіп-өркендеуіне, дамуына ықпал етеді. Мен барша қазақстандықтарды, жалпы адамзат баласын өзінің елінің, жерінің, туған отанының патриоты болуға шақырамын.

Дамир ӘБДІҒАЛИ,
Есіл аудандық №2 сотының бас маманы
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

ДЕРТ

Зорлық жасаушы қатаң жазаға лайық

«Тәрбие тал бесіктен басталады» десек, отбасындағы ұрпақ тәрбиесі ешуақытта қоғамды бейжәй қалдырған емес. Тұрмыстық зомбылықта көбіне зардап шегетін әйелдер мен жас балалар. Сол себепті де ел заңдарына бірқатар өзгерістер енгізілген. Отбасының шырқын бұзып, айқай-шу шығарғаны, қол жұмсағаны көрсетілетін дәлелденген құжаттары болса, әкімшілік жазаға тартумен қатар, қамаққа алу қарастырылған. Балалар өз үйінде, мектепте және басқада қоғамдық мекемелерде күнделікті қатігездікпен және зорлық-зомбылықпен ұшырасып отырады. Алайда, осы кезге дейін қоғам бұл мәселеге зейін қойған емес. Тіпті, бала үшін ата-анасының үйі әрқашан ең қауіпсіз жер бола бермейтінін айғақтайтын фактілер жиі кездеседі. Зорлық-зомбылықтың үйде, отбасы ішінде көрсетілуі көзге түсе қоймағандықтан, көп жағдайда жылы жабылып қалады, яғни мойындалмайды. Дөрекілік, күш көрсету, адамның бағыт бағдарын өзгерту, зорлық-зомбылықтың дамуын және қылмыстық әрекетті тудырады. Нәтижесінде өз-өзіне қол жұмсауға немесе бала тағдырының бұзылуына әкеліп соғады.

БҚО қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотымен қылмыстық іс қаралып, сот тергеу барысында анықталғанындай, тұрғылықты мекенжәйі жоқ азамат өгей ұл-қызына бірнеше жылдар бойы зорлық-зомбылық көрсетіп келген, яғни, көрінеу жас балаға қатысты күш қолданып жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып, бірнеше рет сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерді жасаған.

Өкінішке орай, бүгінгі біздің қоғамда сексуалдық зорлық-зомбылықтан басқа, күш көрсету зорлық-зомбылығы, психологиялық зорлық-зомбылық, экономикалық зорлық-зомбылық түрлері белең алып, заман індетіне айналып отыр.

А. АХОНОВА,
БҚО қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

ЖАРНАМА

МҰРАГЕРЛІК

8. 03.03.2021 ж. қайтыс болған Айтжанов Максат Шырымбековичтің атынан мұрагерлік іс ашылды.Мұрагерлерге нотариус Е.Е. Байсбаевқа Түркістан қ., 1 ықш.ауд,С.Ерубаев көш., Халық банкінің жанында. Тел.87017314766 хабарласу қажет.

9. 22.06.2020 жылы қайтыс болған Серикбаев Мухангалидың атынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер нотариус Д.Е. Кусаиноваға Алматы қ., Жазылбек көш., 20 үй, +77272271160 тел. бойынша жүгінуі керек.

ТАРАТУ

2. «МұнайГазАвтоматика» ЖШС, БСН 100940009753, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Хабарландыру жарияланған күннен екі айдың ішінде талаптарды осы мекенжайда қабылдайды: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Б. Момышұлы данғылы, 12 үй, 502 кеңсе, тел.+77012023344.

3. «Дәулет Құрылыс Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің филиалы, БСН 200440008299, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ШҚО,Тарбағатай ауданы, Тұғыл ауылы, Қ.Чүленов көшесі, ғимарат 110, индекс 071515. Тел. 87711333250.

4. «Енбек-Береке» ауылшаруашылық тұтыну коопертиві, БСН 131240016031, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады:Қазақстан, Қараганды облысы, Актоғай ауданы, Ақтас ауылы, Алаш көшесі,40-үй. Тел.: 87103730267.

5. «Асыл 2011» ЖШС, БСН 101240012271, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Актөбе қаласы, Мир көшесі, 5А үй, 65-пәтер. Тел.: 87475034722.

6. «Айдын» Өндірістік ауылшарушылық кооперативі, БСН 170540016869, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Арал қаласы, Арал ауданы, Әйтеке би тұйығы, №3.Тел.87051771032, 87025693252.

7. «БейбарсХорс» ЖШС, БСН 200140036134, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Өнеге көшесі, 49-үй.Тел.: 87750899622.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zanreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.

ТЕЛЕФОН: 292 29 27, 8 708 929 9874

ҚОЛАЙЛЫ, ТЕЗ ӘРІ АРЗАН

«ЗАҢ ГАЗЕТІ» ЖӘНЕ **«ЮРИДИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА»** БАСЫЛЫМДАРЫНА хабарламаларды енді біздің zanreklama.kz сайтымыз арқылы беруге болады. Қазақстанның кез келген түкпірінен, құжаттар саны өте аз.

Барлық сұрақтар бойынша: 87089299874 (Аян)

ДҮҢГІРШЕКТЕРДЕ САТЫЛЫМДА

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** басылымдары енді **«Караван-Престің»** Алматы қаласындағы 64 дүңгіршегінде сатылымда болады. Дүңгіршектердің мекенжайларын ғаламтордан табуға болады.

Нұр-Сұлтан қаласында газеттерді **«Алты Алаш»** сауда нүктелерінен таба аласыз. **Тел.: 87015728847.**

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,
факс:
8 (747) 428-26-10

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы,55,Пушкин көшесімен қиылысы,«Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99,8 701 739 27 83,8 705 185 75 73
www.gazetyisaity.kz,e-mail: vsegazety@mail.ru
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы,208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме.
Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі,78,105-кеңсе.Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service»,
Алматы қ.,ш/а Жетісу-3,55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ.,Жамбыл көшесі,11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.»,
Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында,Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

Елімізде әсем табиғаты көздің жауын алып, көрген жанды тамсандыратын, туризмге сұранып-ақ тұрған көрікті де шұрайлы мекендер аз емес. Соның бірі – көз тоят таппас тамаша табиғатымен ерекшеленіп, «Шағын Швейцарияға» телінген Текелі қаласы. «Түркітілдес журналистер қоры» халықаралық қоғамдық қорының бастамасымен Алматы облысы «Jetisu Media» ЖШС ұйымдастырған пресс-турдың аясында Жоңғар Алатауы жоталарында орналасқан, аспанмен таласқан таулары, жасыл желекті баулары жанға да, малға да құтты мекенге сапарлап барудың сәті түсті.

ТҮРЛЕНГЕН ТЕКЕЛІ

Талдықорған қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 40 км қашықтықта жатқан табиғаты көркем Текелі қаласына жеткен журналистерді құшақ жая қарсы алған қала әкімінің әлеуметтік сала бойынша орынбасары Айнұр Мейрханова және «Jetisu Media» ЖШС басшысы Жанна Арынбекова бастаған әріптестеріміз бірден өңірдің көз тартар нысандарына саяхат жасауға шақырды.

Ең ұзын көше

Қаладағы ұзындығы 38 шақырымға созылып жатқан Д.Қонаев атындағы көшені шаһардың мақтанышы деуге болады. Өйткені, ол ТМД елдері ішіндегі ең ұзын көше болып табылады. Ешқандай бұрылыс-қалтарысы жоқ, тіп-тік, ұзыннан-ұзын созылып жатқан көше қаланың кіреберіс тұсынан басталып, соңы таулы-қыратқа алып кетеді. Жол бойының екі жағын жағалай үйлер, түрлі нысандар салынған.

Салыстырмалы түрде айтар болсақ, Канаданың Торонто қаласында орналасқан әлемдегі ең ұзын көше – Йонге Стриттің ұзындығы 1896 шақырымды құрайды.

Қала алақандағыдай...

Қала ішіндегі биік жота басына жасалған бақылау алаңына арнайы баспалдақ арқылы көтерілдік. Бұл төбенің басынан Текелі алақандағыдай көрінеді екен. Әсіресе, қыздың қос бұрымындай таудан төмен құлап, қаланы жарып ағатын Қора және Шажа өзендері таңқалдырды. Бірінің суы мөлдір, бірінің суы лайлана ағатын қос өзен Текелінің тұсында бір арнаға тоғысады. Қызығы сол – қаламен аттас өзенде сулардың түсі сол күйі өзгерместен, екі түрлі боп ағысын жалғастырады екен. Бұл ерекше құбылыс, әсіресе, жоғарыдан төменге көз салған адамға айқын көрінеді. «Өзендердің бірі түбінде жатқан әк тастарды шайып ағады. Суының лай болуы сол себепті. Алайда Текелі өзені Қараталға құйған кезде судың түсі араласып кетеді»,– деп түсіндірді жол бастаушылар.

Көне Будда бейнеленген тас

Айналасын Алатау сілемдері мен Жоңғар Алатау қоршап жатқан, табиғаты теңдессіз Текелі қаласының маңында Черкасай, Солдатсай және Қора шатқалдары бар.

Жетісудың жақұтындай Қора, Шажа, Текелі және Қаратал өзендері бірімен бірі жалғаса таулы өлкенің сәнін келтіре, сылдырай ағады.

Қора шатқалына кіре беріс жерде «Таңбалы тасқа» ұқсас, будда құдайының мүсіні бейнеленген тасты кездестіресіз. Бұл жеке тұрған табиғи тас, салмағы 3 тоннадан артық, биіктігі 3 метр. «Көне будда бейнеленген тас» деп аталатын тастан бұдан басқа лотос гүлін, аю табанының ізін көруге болады.

Бұрхан бұлақ сарқырамасы

Қора шатқалының бойымен созылған жолдың 55-ші шақырымында Орта Азиядағы ең үлкен сарқырама Бұрхан бұлақ ағып жатыр. Найзадай көкке шаншылған таулардың ортасында биіктігі 90 м болатын сарқыраманың көрінісі көз тартады. Бір-біріне тақалған екі таудың арасында тек салт атты адам ғана өте алатын сай бар екен. Осыған орай оған халық Салт атты сай деген атау берген. Бірақ, неге екені белгісіз, бертін келе ежелгі мағынасынан ажырап, ел арасында Солдатсай аталып кетіпті.

Халықаралық университет бой көтермек

Келесі кезекте ат басын тіреген жеріміз – болашақта салынатын Орталық Азия университетінің орны болды. Тау бөктерінде бой көтеретін оқу орнының макет-сызбасымен журналистерді Aga Khan Foundation қорының Текелідегі өкілдігінің басшысы Қуандық Тілеужанұлы таныстырды.

Оның айтуынша, университетті салудағы басты мақсат – Текелінің табиғаты мен бай өлкесі.

– Жалпы, шетелдік Aga Khan Foundation қоры мұнда университет ашу мәселесін 2000 жылдан бастап көтеріп келе жатыр. Қордың штаб пәтері Швейцарияда орналасқан. Олар 2017 жылы Қырғызстанның Нарын қаласында және 2018 жылы Тәжікстанда осындай университет ашты. Қазақстанда бұл мәселе қазіргі таңда Мәжіліс талқылауына жіберілген. Егер рұқсат берсе, құрылыс жұмыстары бірден басталмақ.

Салынбақшы кампустың құны 200 млн АҚШ долларын құрап отыр. Бүкіл қаражаты Карим Ага-Ханның қорының есебінен төленеді. Ішінде студенттер қалашығы, жатақханасы, университет ғимаратын салу қолға алынбақ. Қазір университетке бөлінген жерге 10 мың ағаш отырғызылып, айналасына абаттандыру жұмысы жүргізілген. Оқу ордасы халықаралық деңгейде болғандықтан, ондағы сабақтардың барлығы ағылшын тілінде өтеді, елімізден және шетелден профессорлар тартылады. Университеттің барлық фазасына 1,5 млрд доллар инвестиция қажет. Егер ол іске қосылса, 400 адамды жұмыспен қамтимыз. Алғашқы жылы 150 студент қабылдау жоспарда бар. Негізінен инженерлік іс және бизнес бағытында білім беріледі. Ондағы гранттарды университет өзі бөледі, – дейді Қуандық Тілеужанұлы.

Әкімнің қабылдауында

Келер жылы құрылғанына жетпіс жыл толатын жер жәннаты Жетісудың інжу-маржаны – Текелі шаһары Алматы облысындағы жалғыз моноқала. Кезінде бұл жерде сақалын таудың самалына желпітіп, жартастардың ұшар басында секіп тұратын таутекелер көп болғандықтан, Текелі атанып кеткен деседі. Өзі аттас өзеннің сол жағалауында, Жетісу Алатауының батыс сілемдері шатқалының бірінде, теңіз деңгейінен 950-1600 м биіктікте орналасқан қалада 34 мыңнан астам тұрғын бар.

Қала маңындағы әсем табиғатты тамашалап, көрікті жерлерді аралау үшін туристер жиі келеді. Жаз кезінде олардың саны күніне 200-300 адамға дейін жетеді. Әсіресе, көршілес Ресейден келетін туристердің саны басымдау. Осы орайда алдағы уақытта да келетін туристер санын арттыру үшін қала басшылығының ішкі туризмді дамыту бағытында қолға алып жатқан жобаларымен таныстық. Бұл жөнінде журналистерді арнайы қабылдаған Текелі қаласының әкімі Б.Қ. Молдахметов әңгімелеп берді.

Батыр Қайыркенұлының айтуынша, қалада туристерді қабылдайтын жеті мейманхана бар, олардың барлығы Ashyq жүйесіне қосылған.

– Туризм саласын қала экономикасын дамытудағы басты бағыттардың бірі деп санаймыз. Текеліге ақылды қала жүйесін енгізуді жоспарлап отырмыз. Яғни, Смарт сити технологиясын енгізе отырып, туристік ХАБ ретінде қарастырмақпыз (бұл қала бойынша тач скрин жүйесі бар интерактивті ақпараттық жабдықты орналастыруды және Бұрхан бұлақ сарқырамасына дейінгі барлық туристік бағыттар бойынша free Wi-Fi тегін интернетпен қамтамасыз етуді білдіреді). Осы мақсатта Алматы қаласының агломерациясын жасаған «Urban Style» ЖШС басшысы, елімізге танымал архитектор Любовь Нысанбаевамен келісім жасалды. Мамандар қаланы аралай келе, төрт хаб жасау жөнінде шешім шығарды. Бұл жобаларды дайындауға 12 млн теңге бөлінді.

Қаланың кіре берісінде, ортасында туристік нысандар бойынша мағлұмат беретін интерактивті тақталар қойылады.

Туризмді дамыту мақсатында қала аумағында 4 учаскені абаттандыруды жобалау басталған. Біріншісі – LED-экран, тач скрин функциясы бар интерактивті-ақпараттық жабдық, полицияның модульдік бекеті, сауда павильондары, аялдама, тұрақ және санитарлық тораптар орнатылған қалаға кіреберісті абаттандыру. Осы мақсатта LED-экран сатып алу және орнату үшін 14,2 млн. теңге қаражат қажет. Екіншісі – жаяу, велотуризм, мототуризм, қысқы спорт түрлері, парапланеризм, құзға шығу бойынша федерацияларды орналастыруға арналған 1 гектар көлемдегі аумаққа орналасқан модульдік үй-жайлары бар «Горняцкий» шағынауданындағы жер учаскесін абаттандыру, сондай-ақ гидтер мектебін орналастыру жоспарланған. Жалпы, Текелі қаласында «Текесу» туристік кешені жұмыс істеп тұр. Бұл аумақта 400 метрлік және 800 метрлік сырғанақ жолы, балонмен, шанамен сырғанауға арналған туристік база бар. Сонымен қатар мұнда қыс мезгілінде шаңғы және сноубордта сырғанау, жазда тау велосипедімен экстремалды сырғанауға да мүмкіндік бар.

Алдағы уақытта мұнда парашютпен секіру спорты, тауға өрмелеу, жаяу жүру, велосипедпен жүру, тау-тасты көлікпен аралау сияқты туристерге қызықты спорт түрлері дамытылмақ. Оны ұйымдастыруға ынталы компаниялар да бар.

Үшіншісі – Қора өзеніндегі жарты гектар жерді алып жатқан бұлақты абаттандыру. Қора шатқалы бойымен Бұрхан бұлақ сарқырамасына дейінгі туристік маршрутты отандық және шетелдік туристерге насихаттай отырып, Будда тасы мен ежелгі петроглифтерге бару арқылы шағын сәулет нысандарын орнату.

Төртіншісі – Текелі аумағында республика бойынша ең ұзын көше – Дінмұхаммед Қонаев атындағы көшені абаттандыру. Осы мақсатта арнайы конкурс өткізіліп, «Ремстройпроект» ЖШС, «Қазақстан-Қытай мұнай-газэнергопроект» ЖШС-мен келісімшарт жасалған. Аталған жобаларды жүзеге асыру үшін қажетті сома мөлшері 18,5 миллион теңгені құрайды. Бұл көшені жаяу және велосипедпен жүріп өтуге қолайлы еткелі жатырмыз. Оған қоса электрлі самокат, велосипедпен жүргісі келетіндер оны осы жерде жалға алып, қаланы асықпай аралайтын болады, – дейді қала басшысы.

Сонымен қатар, әкім туристік нысандар салынған соң, туристерге сапалы қызмет көрсету үшін жастар арасында кәсіпкерлікті дамытуға көңіл бөлетіндерін де айтып өтті.

Дамудың даңғыл жолында

Жалпы, табиғаты көркем шаһарға жан рахатына бөленіп, демалуға келушілер легі үзілмейді. Әсіресе, жаз мезгілінде табиғи сұлулыққа таңдай қағып, өзен мен тау бойлап қыдыруды ұнататындар көп. Келген туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өткен жылы қалаға 50 бейнебақылау камерасы орнатылыпты. Алдағы уақытта адамдар көп жүретін жерге тағы 50 камера орнату жоспарда бар екен. Қаланың екі жерінде полиция бекеті тұр, ол компьютерлік жабдықпен толық жарақтандырылған.

Дамудың даңғыл жолына түскен Текеліде туризмді дамыту жолында халыққа қалтқысыз қызмет көрсетіп отырған «Текелі» шипажайы мен балаларға арналған заманауи «Алтын Шажа» лагерінің маңызы зор. Балалар туристік орталық жұмысын алға бастыру мақсатында тауға өрмелеу қабырғасы тұрғызылып, қосымша туристік құрал-жабдықтар, велосипед, шаңғылар алынған.

Қайтар жолда Талдықорған қаласындағы «Jetisu Media» ЖШС-не келген БАҚ өкілдері өмірден өтсе де, елінің жадында мәңгі қалған танымал журналист Бейсен Құранбектің музейінде болып, жәдігерлермен таныстық. Артынан «Түркітілдес журналистер қоры» ұйымдастырған «Fake news. Information manipulation& Factcheking» тақырыбындағы семинар-тренинг тағылымды сапардың нүктесін қойған шара болды. Қор жетекшісі Нәзия Жоямергенқызы жалған ақпаратпен күрес, тексерілген ақпараттарды ғана тарату, әр жаңалықты жариялауда журналист пен БАҚтың әлеуметтік жауапкершілігі туралы айтып, қатысушыларға сертификат табыстады.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»
Суреттерді түсірген
Ғалия ҚАЛИЕВА

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы	Талғатжан Мұхамадиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №79 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31